

ЗАМАНДАСТАР

Қатысушылар:

Сұлтан, 25-30 жас
Хәкім, 25-30 жас
Арқалық, 25-30 жас
Маркс, 25-30 жас
Ырысбек, 25-30 жас
Бекзада, 25-30 жас
Қарамұратов, 25-30 жас
Әбіш, 50-55 жас
Әлжан, 50-55 жас
Сара, 25-30 жас
Айсұлу, 25-30 жас
Бәтима, 25-30 жас
Катков, 50-55 жас
Витебский, 50-55 жас
Нина Павловна, 50-55 жас
Хатшы қыз, 50-55 жас
Тілші әйел, 25-30 жас
Погорелов, 50-55 жас
Цех бастығы, 50-55 жас
Күйік майдангер, 50-55 жас
Әйелдер
Ерлер

Бірінші көрініс

Теміртау қаласының компартия бірінші секраторының қабылдау бөлмесі. Үстел басында сары кідір әйел телефонмен сөйлесіп отыр. Арқалық кіреді.

Х а т ш ы қ ы з. Томочка, Лазарь Аркадьевичке сервелада шұжығынан екеу, жоғары сортты үнді шайы және қара уылдырықтан екі қалбыр... Томочка, алтыным, маған да бір қалбыр ала салсаң...

А р қ а л ы қ. Саламатсыз ба! Мен комсомол комитетінің мүшесімін.

Х а т ш ы қ ы з (*Арқалыққа*). Жоламанов, күте тұрыңыз. Қазір Оргбөлімінің инструкторы келіп сізбен айналысады. (*Тұтқаға*) Томочка, маған өте керек болып тұрғаны.

А р қ а л ы қ. Мені Катков жолдас тура сағат алтыға шақырған.

Ырысбек кіреді.

Ы р ы с б е к. Келдің бе?

А р қ а л ы қ. Ия, бірақ қандай шаруамен шақырғанын түсінбедім. Білмеймін тіпті, Лазарь Аркадьевичке менің қандай пайдам тиетінін.

Ы р ы с б е к. Лазарь Аркадьевичке сенімен кездесіңіз деп мен айттым. Бір әңгіме бар.

А р қ а л ы қ. Ой, сен сонда Горкомның инструкторы болып кеткенсің бе?

Ы р ы с б е к. Осылай өсіп бара жатырмыз. Енді өмір бақи шопыр боп жүрмейміз ғой.

А р қ а л ы қ. Құттықтаймын, Ырысбек...

Ы р ы с б е к. Хамитович.

А р қ а л ы қ. Құттықтаймын, Ырысбек Хамитович.

Ы р ы с б е к. Дұрыс жүрсең сені де өз қасымызға көтереміз.

А р қ а л ы қ. Рақмет, Ырысбек Хамитович. Сонда қандай әңгіме, Ырысбек Хамитович?

Х а т ш ы қ ы з. Томочка, қайталашы, базада тағы не бар екен?

Ы р ы с б е к. Әңгіме сенің досың туралы. Әбішев туралы... Сендер доссындар ғой...

А р қ а л ы қ. Ия, кейде кездесіп тұрамыз.

Ы р ы с б е к. Енді сенімен біз де кездесіп тұратын боламыз.

А р қ а л ы қ. Ырысбек Хамитович, Лазарь Аркадьевичтың бөлмесіне кіргенде қалай істегенім жөн болады? Бірінші менің амандасқаным дұрыс па? Әлде оның рұқсатын күтіп тыныш тұрамын ба?

Ы р ы с б е к. Ол енді Бірінші кісінің көңіліне байланысты.

Хатшы қыздың алдындағы екінші телефон шырылдайды. Ол тұтқаны көтереді.

Х а т ш ы қ ы з. Лазарь Аркадьевич сіздерге кірсін дейді.

Ырысбек пен Арқалық Бірінші кісінің бөлмесіне кіреді.

Е к і н ш і к ө р і н і с

Бірінші кісінің қабылдау бөлмесі. Өз үстелінде Катков отыр. Оның алдында Ырысбек пен Арқалық тұр.

А р қ а л ы қ. Әбішев жолдас өз ісінің үлгілі маманы. Айналасындағы жолдастарға көмегін аямайды. Республикалық және Бүкіл Одақтық комсомол съездінің делегаты болған. Бүкіл одақтық Лениндік жастар одағы орталық комитетінің мүшелігіне қабылданған. Жұмыскерлер әуелден-ақ Әбішевтің көсем болуға ылайық қабілетін байқаған. Сол үшін де оны цехтың Партбюросының бірінші хатшылығына сайлап алды.

К а т к о в. Сен оны асыра мақтап тұрған жоқсың ба, Жоламанов жолдас? Қалай сені?.. Арла... Орла...

Ы р ы с б е к. Арқалық.

А р қ а л ы қ. Аркадий деп те айтуға болады.

К а т к о в. Аркадий, сен керек сөздің орнына, жарты сағат бойы бос сөзді айтып тұрсың.

А р қ а л ы қ. Сонда менен қандай сөз керек, Лазарь Аркадьевич?

К а т к о в. Сол зауыттың цехында сайлау болғанда жұмысшылар дауыстарын біздің Горкомның кандидатына бермей, неге Әбішевке берді? Әрі бүкіл дауысты? Біздің істі аяқсыз қалдырған кім?

А р қ а л ы қ. Білмедім. Өз бетімен солай болды, Лазарь Аркадьевич. Әбішевтің беделі жұмысшылардың ортасында өте жоғары. Әсіресе жастардың арасында.

К а т к о в. Соны айтып отырмын. Осы жерді назарсыз қалдыруға болмайды. Бедел деген жұмыскерлердің пікіріне емес, партиямыздың Горкомына байланысты. Ендігі мәселе еркімен жүрген Әбішевті бізге көнбесе де жоғары көтеріп өзіміз ойлаған орынға жеткізу.

А р қ а л ы қ. Мен түкке түсінбей тұрмын.

Ы р ы с б е к. Сенің Әбішевтің бір қыңыр қылық көрсетті. Лазарь Аркадьевичтің комсомол Горкомның бірінші хатшылығына отыр деген ұсынысына ол көнбей кетті.

А р қ а л ы қ. Мүмкін емес!

Ы р ы с б е к. Лазарь Аркадьевич, Әбішев көнбесе оған қатаң сөгіс жариялап, партиядан шығарып, бүкіл жолын жауып тастасағанымыз дұрыс болмас па, қалай ойлайсыз? Міне осы орынға онан да ыңғайлы кандидат алдыңызда тұрған жоқ па. Өзі комунис. Теміртауға Әбішевпен бірге келген азамат...

К а т к о в. Жоқ, Ырысбек. Сен осы жағдайдың мәнін түсінбей тұрсың. Бізге Әбішев емес, оның көнгені керек. Әсіресе жай біреу емес, жастардың арасында үлкен беделі бар адамның көнгені.

Ы р ы с б е к. Енді түсіндім, Лазарь Аркадьевич. Оны сол жұмысқа қоямыз да, орайды күтіп отырып, бар беделін бырт еткізіп сындырамыз да тастаймыз.

К а т к о в. Енді төбесінен түстің. Біз оған көмектескенде ғана кемшіліктерін тез табамыз. Биіктен құлаған адам оңбайды. Сонда қолынан түк келмейтін адам екенін бүкіл коллектив көреді. Сосын білетін болады дауыстарын кімге беру керек екенін. Әбішев сияқты адамдарға емес, партиямен бірге қадам басып келе жатқан жолдастарға дауыс беру керектігін... Ал, сен, Жоламанов жолдас Әбішевке айта бар: Катков қалжыңдамайды. Оған ойлануға бір күн беремін. Ертең таңертең Горкомға өз аяғымен келіп, менің алдымда басын иіп тұратын болсын. Ал, сен Ырысбек, осы жағдайдың бәріне көз салып жүр. Керек жерінде аяма. Партияға жақын адамдарды да тексеріп жүрген жөн. Ал Әбішев сияқтыларды қарғыбауынан ұстап жүру керек. Енді, Жоламанов жолдас, маған Әбішев туралы не білетінді түгін қалдырмай айт.

А р қ а л ы қ. Енді... Әбішев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы обылысы, Шамалған деген поселокта дүниеге келген. Әке-шешесі ауыл шаруасымен айналысатын адамдар. Әкесінің аты Әбіш. Ол оқымаса да білімді адам екен. Өзі еңбек мүгедегі. Орысша, балқар тілдерінде де еркін сөйлейді. Қазақ, орыс әндерін тамаша шырқайды деген Сұлтан.

К а т к о в. Партияға кімнің әнді жақсы айтатыны қызық емес. Сен онан да партияға қарсы адамның ішін көрсететін нәрсені айт. Ұсақ-түйек болса да.

Ы р ы с б е к. Әбішевтің шешесі – Әлжан Жамбыл обылысы, Қордай ауданы Қасық ауылының молдасының қызы болу керек...

К а т к о в. Бұл да жетпейді.

Ы р ы с б е к. Сол молда Кеңес үкіметіне қарсы болғаны үшін қуғынға ұшыраған.

К а т к о в. М-м-м... мынаның бірдеңесі бар. Жарайды. Жоламанов жолдас, жалғастыра беріңіз.

А р қ а л ы қ. Әбішев Теміртауға мектепті бітіргесін көп өтпей өз еркімен келген. Сегіз жыл бұрын...

Ү ш і н ш і к ө р і н і с

Кеш. Плацкарт вагон ішінде жолаушылар ұйықтап жатыр. Төменде бетін күйік шалған майдангер еркек, жоғарғы орында Хәкім жайғасқан. Пойыздың тарсылдаған дыбысы естіледі.

К ү й і к м а й д а н г е р. Мессер! (айқайлайды). Санька, оң жақта Мессер! Сол қанатыңа жантай. Санька, өртеніп кеттік. Мотор өртеніп жатыр. Санька! Мессер! Ат... ат...

Б і р і н ш і ә й е л д а у ы с ы. Қайтадан өртеніп барады! Ұйқымды әбден қашырды. О, Алла! Осы күйік бет тыныштық бермейтін болды ғой.

К ү й і к м а й д а н г е р (шошынып). А-а?.. А-а?.. Не болды? Кешіріңіз! Шығып темекімді шегейін.

Күйік майдангер кетеді. Бірнеше жолаушы басын көтеріп отырады.

Е к і н ш і ә й е л д а у ы с ы. Соғыс аяқталғалы қашан. Он екі жыл өтті. Ал мынау қоймайды. Әлі соғысып жүр. Соғысып жүр. Недеген сұмдық. Мессері-нессері деп жатқаны кім өзі?

С ұ л т а н. Фашистердің ұшағы. Мессершмитт. Бір маторлық поршн истребитель.

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Қарасам, сен жігітім, ұшақтарды жақсы білетін көрінесің. Арманың ұшқыш болу сияқты.

С ұ л т а н. Жоқ. Metallург боламын. Темір қортам.

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Жұмысқа бара жатырсың ба, әлде оқуға ма? Қазір жастардың бәрі оқуға кетіп жатыр.

С ұ л т а н. Теміртауда металлруг комбинатының құрылысы басталды. Сол жақта жұмыс істеймін, әрі оқимын. Сол заводтың ушелишесы бар деп газеттен көрдім.

Б і р ш а л д ы ң д а у ы с ы. Кімнің баласысың өзің?

С ұ л т а н. Назарбайдың Әбішінің баласы болам. Алматының іргесіндеі Шамалған деген ауылда тұрамыз.

Ш а л д ы ң д а у ы с ы. Е-е-е, естуім бар. Назарбайдың Әбіші... Бақшашы ғой?

С ұ л т а н. Ия, әкем үйдің қасынан алма бағын өсірген кісі.

Жоғары полкадан Хәкім түсіп Сұлтанның қасына отырады.

Х ә к і м. Сол Теміртаудағы металлургия комбинаты туралы «Лениншіл жас» газетінде жазған. СССР дағы ең үлкен темір қортатын зауыт болады. Мен де сол жаққа комсолдың шақыруымен бара жатырмын. *(Сұлтанға қолын созады)* Атың?

С ұ л т а н. Сұлтан.

Х ә к і м. Менің атымды білесің.

С ұ л т а н. Жоқ. Білмедім.

Х ә к і м. Поэзияны жақсы көресің бе?

С ұ л т а н. Ия.

Х ә к і м *(қалтасынан газетті шығарады)*. Міне, менің өлеңдерім. Хәкімбек Тынышжанов! Ақын.

С ұ л т а н. Керемет.

Х ә к і м. Ал, сен өлең жазасың ба?

С ұ л т а н. Мектепте жаздым.

Х ә к і м. Мектепте? Ей, сенің түрің мектепті енді бітірдім деп тұр ғой, балақай. Дабай, бір өлеңінді оқып жібер.

С ұ л т а н. Оқығым келмейді.

Х ә к і м. Ой, сені де ақын дейді-ау. Не болды қыздай сызылып.

С ұ л т а н. Қазір мойныңды бұрап жұлып алам да балақайды да, қыздай сызылғанды да көрсетем саған.

Ә й е л д і ң д а у ы с ы. Әй, балалар! Мессер-нессер деп түн бойы ұйқы бермеді. Енді сорымызға ақындар тап келді. Жатындар.

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Оқып жібер өлеңінді бар болса, Әбіштің баласы! Бәрібір енді ұйқы жоқ.

Ә й е л д і ң д а у ы с ы. Балқаштан өттік пе?

Ш а л д ы ң д а у ы с ы. Өттік, Қызыр әулиенің арқасында.

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Жарап тұрса неге оқымасқа, жігітім. Жас кезімде мен де өлең жаздым. Көбісін ұмыттық.

С ұ л т а н. Мен өлеңдерімді жатқа оқымайтын едім.

Ш а л д ы ң д а у ы с ы. Қыз туралы өлеңдер есімізде қалмайды. Ал туған жер туралы өлеңді адам ешқашан ұмыта алмайды екен. Сен балам, үйден бірінші рет алысқа шығып бара жатқан сияқтысың. Енді сағыныш көлеңке сияқты балағыңнан қалмайды.

С ұ л т а н. Туған жер туралы бір өлеңім болған.

Үшқоңыр Алатаудың қойнауында,
Әкемнің ізі қалған жайлауында.
Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,
Арқарың жайылатын аймағында.

Бұл жерде тарих сырдың сыбдыры бар,
Бабалар тұлпарының дүбірі бар.
Бұл жерде Жамбыл – Жәкең өлең айтқан,
Өнердің, ақындықтың тұғыры бар.

Шындарың Төле бидің қалпағындай,
Жазира жасыл әлем алқабыңды-ай.
Жуасы, қарқаты, бүлдіргені,
Әжемнің шекер қосқан талқанындай.

Көрінер сонадайдан анық маған,
Шыңында қырандары қалықтаған.
Самғаған қыранына құмар қылып,
Өсірген ұландарын алып далам.

Үшқоңырым, туған жерім
Рахым нұры тұнған жерім
Үшқоңырым, тал бесігім
Жүрегімде мәңгі есімің

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Ой, пәлі!

Х ә к і м. Қарын ашты.

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Шымкент туралы өлеңдерің жоқ па? Ең жақсы өлеңдер Шымкент туралы. Біздің қаланың келбеті қандай екенін қазір айтам саған. Осыны дұрыстап тыңдап алып өлең ғып жіберсең, сол күні-ақ атағың шығады.

Ә й е л д і ң д а у ы с ы. Жетер өлеңдерің. Қайтеміз. Балам, домбырамен ән айтпайтын ба едің?!

Е к і н ш і ә й е л д а у ы с ы. Жақсы әнің болса айтып жіберші. Анау күйік бет ұшқыштың бақырғаны шырқымызды әбден бұзды. Күйеуім майданға барған күні оққа ұшты, жарты-ақ жыл бірге тұрдық...

С ұ л т а н. Домыра жоқ қой.

Е р к е к т і ң д а у ы с ы. Қазақтар жүрген жер домбырасыз болмайды. Ана жақта біреулер домбыра ұстап жүрген. Еу, бері беріңдерші домбыраны.

Сұлтан домбыраны құлақ күйіне келтіріп, «Сары бидай» әнін айтады.

Т ө р т і н ш і к ө р і н і с

Ен дала. Екі жолдың қиылысы. «Теміртау 36км» деп жазылған тақтайша көрінеді. Жол шетінде ағаштан тұрғызылған шағын үй. Лозунг: «Вперед к строительству коммунизма!»

Сұлтан, Хәкім, Ырысбек, Бекзада, Арқалық шабадандарын қастарына қойып, аңтарылып тұр.

Х ә к і м. Жігіттер, Теміртау қаласы қай жақта?

Ы р ы с б е к (қолымен нұсқап). Анау жақта. Қала деп айту қиын. Он шақты үй, контор және брезент шатырлар. Түпсіз шұңқыр-котловандар. Аспанға созылған екі-үш моржалар. Сосын тағы Нұра өзенінің арғы жағасында бірдеме тұр. Ал Нұраның суы толған қоқыр-қоқсық. Ит байласа тұрмайтын жер.

А р қ а л ы қ. Түсінбедім сізді, жолдас. Олай болса мұнда не іздеп келдіңіз?

Ы р ы с б е к. Қапастан тәуір.

Х ә к і м. Арманның қанаты жер ұйыққа жеткізсе керек-ті.

Ы р ы с б е к. Дұрыс, мен еркін құс сияқты ұшып жүретін жанмын. Теміртауда болдым. Не жырғаған жұмыс... қара жұмыс... күн-түн демей жер қазасың. Бірақ бір жер бар Теміртаудан да жаман. Мұнда мол ақшаны қағып алуға болады.

С ұ л т а н. Еркін құсқа ақша не керек.

Ы р ы с б е к. Ал саған ақшаның керегі жоқ па?

Х ә к і м. Қарағандының уағзалында үш тиындық поншиқты жедім. Ой, дәмі қандай.

Ы р ы с б е к. Мен мұнда таң бозынан тұрмын. Әйелдер мұнда таң атпастан шошқаның тоң майы, піскен картоп, жұмыртқа сатып жүр. Бүгін сауда ұзақ болған жоқ. Бірісі үш тиын үшін біреуді пышақтап өлтірді. Милиция келді. Сосын мұндағы адамдар тарқап кетті.

Х ә к і м. Сұлтан! Қарашы, қазақтың кең даласын! Осы далада Қобыландының Тайбурлының ізі жатыр. Осы дала Абайға ұлы өлендер тудырды.

А р қ а л ы қ. Жігіттер, қараңдар! Автобус келеді! Мүмкін, бізге. Сайтан! Балшыққа батып қалды.

С ұ л т а н. Жүріңдер, итерейік.

Ы р ы с б е к. Барыңдар, барыңдар, итеріңдер. Мен қазір келемін, етігімнің ішіне қиыршық түсіп кеткен секілді.

Жігіттер автобусқа қарай жүгіреді. Ырысбек бір орындыққа отырып насыбай атады.

Б е с і н ш і к ө р і н і с

Сұлтан, Хәкім және жігіттер жерді қазып зембілге салып жатыр. Әбден шаршаған Хәкім құлап түседі.

Х ә к і м (*тұрмастан*). Жә, жетер! Төрт ай болды. Әлі қазып жатырмыз, қазып жатырмыз. Жаңбыры мынау күн-түн демей сіркіреді де тұрады. Енді қар қосылды. Ішім әбден мұздай қатты. Мен немене оларға құл боп кеттім бе...

С ұ л т а н. Жоқ. Құл емес құл болып кеттің. Тұр. Көтерейік.

Х ә к і м. Мен мұнда жер қазайын деп келген жоқпын. Олар бізге металлург боласыңдар деген, ал біз әлі жер шұқылап жүрміз. Домна пешінің құрылысы әлі біткен жоқ.

С ұ л т а н. Көп ұзамай бізді бетон құюға ауыстырады. Тұр.

Х ә к і м. Онда не бар, ол да денсаулықты құртатын қара жұмыс. Мен сол жұмысты көрдім. Бетонды ыстықтай алып ыстықтай құю керек. Сіңбіруге уақыт болмайды.

С ұ л т а н. Тұр дедім.

Х ә к і м (*тұрады*). Баспанамыздың түрі анау – жер төле. Өзі сыз. Жамыларға көрпе жоқ. Қайдағы бір шоқпыт. Киім кептіретін жер де жоқ. Өмір ма осы?.. Дымнан шылқып кеткен брезент іспесопканы кию де азап, былжырап денеңе жабысып қалады.

С ұ л т а н. Сен де мен сияқты іспесопқаңды аязға шығарып қатырып ал. Сосын киюге жеңілдеу болады.

Х ә к і м. Жоқ. Құрысын. Кеттім мен.

С ұ л т а н. Қайда?

Х ә к і м. Алматыға. Мен қазушы емеспін, мен ақынмын. Кеттік бірге.

С ұ л т а н. Жоқ.

Х ә к і м. Алжаспа. Туған жеріңді сағынып жүрген жоқсың ба?.. Біз осы ку далада біріміз де қалмай қырылып қаламыз. Мен жігіттерден естідім, біз

қыста да осы палаткада тұратын түріміз бар. Ал мында білесің бе, қыста қырық градус аяз болады.

Сұлтан үндемейді.

Х ә к і м. Алматыда менің ағам бір әдеби журналда істейді. Өлеңдерімізді апарсақ болды, кезексіз-ақ басады. Бір-ақ күнде күллі қазаққа атақты болып шыға келесің. Ал ақындардың өмірін білесің бе? Қандай тамаша. Қыздар... Грузин конияк ішеміз. Кеште театр, концерт...

С ұ л т а н. Ары тұр. *(Бекзадаға қарап)* Бек, көмектесіп жіберші.

Х ә к і м. Еуу... сен! Өзің білмейсің қандай керемет өлеңдер жазғаныңды. Ал енді өз талантыңды осы өзің қазған жерге көмгелі тұрсың.

Сұлтанның қасына Бекзада жақындайды.

С ұ л т а н *(Бекзадаға)*. Ал, көтерейік. Әкеттік.

Х ә к і м. Жарайды, өзің білесің. *(шығып кетеді)*.

Б е к з а д а. Сұлтан, сенің қызың болды ма?

С ұ л т а н. Мың да бірі болды.

Б е к з а д а. Ауылда мектепте бір қыз маған қатты ұнайтын. Әкесі бухгалтер. Дәу көзілдірігінің ары жағынан жылан көзденіп қарағанда арбалып қаласың. Бір жолы шөп шабуға барғанда...

С ұ л т а н. Жә, болды. Көтер.

Осы сәтте Арқалық келеді.

А р қ а л ы қ. Мұнда комсомол шақыртуымен келген кім бар? Жүріндер менімен.

Б е к з а д а. Қарашы, Сұлтан. Біздің Аркаша лезде бастық сияқты болып кетіпті. Мына комсомол активист ашыған қамырдай өсетін түрі бар.

С ұ л т а н. Қайда, Аркаша?

А р қ а л ы қ. Орта мектепті бітіргендерді Кеңес одақтың ең үлкен металлург орталығына оқуға жіберетін болдық.

С ұ л т а н. Сонда қайда?

А р қ а л ы қ. Оралға. Солтүстіктегі заводтарға, Украинадағы Днепродзержинске.

А л т ы н ш ы к ө р і н і с

Пойыз. Вагон. Сұлтан, Ырысбек, Бекзада және жігіттер. Көбісі Ырысбектің қасына жиналып алған. Ырысбек су жаңа шабаданнан заттарды оларға таратып беріп отыр. Ал Сұлтан жез шаугімге қайнаған су толтырып орнына қайтып келеді.

Ы р ы с б е к *(Бекзадаға наски береді)*. Мә, киіп жүр. Аярым жоқ. Ей, Сұлтан. *(Ырысбек шабаданнан свитер шығарып Сұлтанға береді)* Тоқта, Сұлтан. Шетелдік свитер сенің қолыңа түсетін болды. Су жаңа. Саған дәл сияқты. Аярым жоқ сенен.

С ұ л т а н. Жоқ. Керек емес.

Сұлтан тоқтамай өтіп кетпекші болады. Ырысбек оны жеңінен ұстай алады.

Ы р ы с б е к. Мен бергенде аласың. Ал!

С ұ л т а н. Босат қолымды.

Ы р ы с б е к. Босатпасам?

С ұ л т а н. Абайла. *(Шайнекке қарап)* Қайнап тұр. Үстіңе төгіліп кетіп жүрмесін.

Ырысбек те шайнекке қарайды. Сосын Сұлтанды босатады. Сұлтан орнына барып жайғасып, көзін жұмып отырады. Бекзада Сұлтанның қасына барады.

Б е к з а д а. Сұлтан... Сұлтан... ұйықтап қалдың ба?

С ұ л т а н. Жоқ. Ұйықтаған жоқпын. Алдағы күнді елестете алмай отырмын. Днепродзержинскідегі комбинат қандай екен. Украинада қандай адамдар тұрады. Днепр қандай өзен өзі... «Днепр өзеннің ортасына дейін жететін құстар өте сирек кездеседі» деген Гоголдың сөзі рас па екен, ә?.. Қалай ойлайсың?

Б е к з а д а *(наскиді көрсетіп)*. Осы наски...

С ұ л т а н. Ербеңдетпе көз алдыма.

Б е к з а д а. Киілмеген наски. Ырысбектің шабаданынан шыққан.

С ұ л т а н. Ырысбектің шабаданынан шықса, енді не, көрімдік берейін бе саған.

Б е к з а д а. Ырысбек біз Саратов уакзалдында болғанда ұрлап алған ұқсайды. Вагоннан құр қол шыққан, ал келгенде қолында сол шабадан... Өзім көрдім. Осы наскилерді ешкімге білдірмей қалай қайтарып беруге болады?

С ұ л т а н. Жігіттердің көзінше алдың ба, жігіттердің көзінше қайтар.
Б е к з а д а. Сұлтан, қорқам мен. Ол дүлей ғой.
С ұ л т а н. Сен біреудің күшінен емес, өзіңнің әлсіздігіңнен қорық.
Б е к з а д а. Жақсы. Қайтарып берем. Сұлтан, мен пойызда орыстардан СеверА деген сөзді естіп қалдым. Ол не, қала ма? Әлде бір жер ма?
С ұ л т а н. СеверА деп геологтар Сібірдің солтүстігін айтады.
Б е к з а д а. Сұлтан, екеуіміз сол СеверАға бірге барсақ. Сол жерден ел таппаған жаңа элементтерді тапсақ. Сосын Мендалиевтың кестесіндегі бос орындарды толтырсақ... қалай ойлайсың?.. Біздің қазақтың жерінде бәрі бар, тек қана аяқ астымызға қарап жүру керек. Біздің ауылдың қасында бір төбе бар. Сондағы ақ тастардың бетінде алтын-жақұттар жарқырап жатады.
С ұ л т а н. Ол кварц.
Б е к з а д а. Мен сол төбелердің арасында ешкі бақтым. Білесің бе, шөбі қандай, кілем сияқты. Сұлтан, үйге қайтқым келеді.
С ұ л т а н. Алдымен андағы ұрланған наскиді қайтарып бер.
Б е к з а д а. Иә, иә... әрине... бара жатырмын. *(тұрып, барады)*.
М а р к с *(терезеге қаран)*. Жігіттер, қараңдар, бір үлкен көпірге шықтық!
Б і р ж і г і т. Қайда? Қайда?..
Е к і н ш і ж і г і т. Астымызда жағасы көрінбейтін өзен.
М а р к с. Днепр болуы керек! Келдік, жігіттер, қазір Днепродзержинск көрінеді!

Ж е т і н ш і к ө р і н і с

Днепродзержинск металлург зауыты. Зауыт жұмысының жойқын дауысы естіледі. Цех бастығының кабинетінде Қазақстаннан келген жігіттер отыр.

Ц е х б а с т ы ғ ы *(телефонға)*. Бұлар маған не үшін келді?! Не істейім бұларға?! Қандай жұмыс берем?! Жоқ!.. Жоқ!.. Керек болса обкомға звондаңдар, қорқарым жоқ. Менде экскурсия жасайтын мұражай емес, менде завод. Осы жігіттерді цехқа апарғанымда біреуінің мұрнынан қан кетіп құлауға шақ қалды.

Б е к з а д а *(мұрнын орамалмен жауып тұрып)*. Бір тамшы ғана шықты. Тозақтың отындай ыстық қой!

Ц е х б а с т ы ғ ы (телефонға). Білмеймін. Қайда апарсаңыздар да өздеріңіз білесіздер. Заводтың спорт залына апарыңдар. (тұтқаны қояды). Ал, Балалар, сендерге күрес ұнай ма?

С ұ л т а н. Біз күресуге емес, оқуға келдік, бастық жолдас. Ал күреске үлкендер ауылда-ақ үйретіп қойған.

Ц е х б а с т ы ғ ы. Көрдің бе қандай... (телефонды жалғайды) Алло, Дмитрий Изотович, сізді металлург заводынан мазалап тұр. Қазақстаннан келген балаларды бүгін-ақ оқуға алыңызшы, Христос құдай үшін. Түсінемін, Дмитрий Изотович, оқу бірнеше күн ерте басталса не кетеді. Дмитрий Изотович, завод пен училище бір ұя емес пе. Әуелі сіз оқытасыз, сосын біз заводта қайтадан оқытамыз. Қалжың ғой, Дмитрий Изотович, Христос құдай үшін ренжімеңіз. Жақсы... жақсы... (тұтқаны қояды). Балалар, қазір сендерді техникалық училищеге апарады. Сонда сендерді Погорелов күтіп отыр. Өзі тамаша адам. Металлургияда да, өмірде де білері көп. Қандай қыздармен қыдыру керек, қандай қыздарға үйлену керек, бәрін үйретеді сендерге. Қалжың ғой. Ренжіп қалмандар, Христос құдай үшін. Барыңдар, оқындар. Бір-екі айдан кейін қайтып осында келесіңдер практикаларға.

С е г і з і н ш і к ө р і н і с

Техникалық училищенің сыныпы. Сыныпта қазақстандық жгіттер. Домна пештің суреті салынған плакаттың қасында Погорелов тұр. Таяқшамен плакаттың әр жерін түртіп көрсетеді.

П о г о р е л о в. Осыны скрип дейміз. Төмендегі тиейтін құрылғы. Сосын, мына жақтағы колошник. Ал мына жақтан мына жаққа шихта. Осыны распар дейміз. Горн... қасында шойын лётка. Мынау шылак лётка. Жазып отырсындар ма? Жазып отырыңдар, менің жас достарым.

Б е к з а д а. Митрий Изотович, ал мынау... қалай... (дәптеріне қарайды) окисналардан темірді қорту және оны углеротпен толтыру. Ал зауытта горновой осылай айтпайды, қайта темірді пісіру деп айтады.

П о г о р е л о в. Солай да айтуға болады. Ғылыми сөздікті пайдаланбасақ.

Б е к з а д а. Сонда мен түсінбедім. Темірді пісірсек, оның піскенін қалай білеміз?.. Домна қазан емес қос қасықпен алып татып көретін.

Сыныптағылар күледі.

П о г о р е л о в. Онда тұрған еш қиындық жоқ. Дұрыс айтасың, қасықпен кішкене алып дәмін татуға тіліңе тамызасың.

Сыныптағылар күледі. Ырысбек Бекзаданың басынан қағып қалады.

Ы р ы с б е к. Сенің басыңнан сорпа шықпай жүрсе, қалай темір пісіресің.

Сыныптағылар күледі.

П о г о р е л о в. Бекзададан ертең өте шебер темір пісіруші шығады. Әрине, домна қазан емес. Ондағы қайнап жатқан темірдің сапасын тексерудің өз әдістері мен методикалары бар. Алда оның бәрін білетін боламыз. Бірақ қазір бір нәрсені біліп алу керек. Жақсы металлургияға өзіне тән сезгіштік болу керек. Ондай кісі домнадағы металлдің не болып жатқанын алыстан сезіп қояды. Бұл да бір көріп-келділік.

М а р к с. Дмитрий Изотович, ал, сіз, көріп-келділік бар деп сенесіз бе? Домна былай тұрсын, өмір, тұрмыста бар ма көріпкелдер?

П о г о р е л о в. Ондай да болады. Мен өзім көріпкел адаммын.

М а р к с. Сіз көріпкел болсаңыз, біздің не болатынымызды айтып бересіз бе?

П о г о р е л о в. Сен металлург болмасаң да бір үлкен бастық боласың. *(Ырысбекке қаран)* ал, сен жігітім, байқа, сені түрме күтіп отыр. Горилкамен дос болма. Сұлтанды айтсақ премьер министр болады. Ал Қарамұратовтың не боатынын мен емес сендер де біліп отырсыңдар, ол қазір алдыға шығып мен үйреткен сабақты өзіме қайталап айтып береді.

Сыныптағылар күледі.

П о г о р е л о в. Қарамұратов, айтшы, домнаның ауа жылытқышы деген не?

Қ а р а м ұ р а т о в. Мен орысша нашар сөйлеймін. Қазақша жауап берсем бола ма, Митрий Изотович? Ал Сұлтан аударады.

П о г о р е л о в. Қазақша ол қазақ тілінде деген сөз бе? Жарайды, қазақша болса қазақша айт.

Қ а р а м ұ р а т о в. Домнаның ауа жылытқышы өте жақсы зат. Температур градус мықты. Зауытқа келгенде көресің, домна пеш піл сияқты көрінеді. Ауылда бір жеңгеміз қызыл көйлекті киіп алып қыдырғанды жақсы көреді. Өзі тамақты дәмді пісіреді. Қазаннан қасықпен алып дәмін татады.

П о г о р е л о в. Жақсы, менің жас досым. Енді Әбішев сенің не айтқаныңды аударғанын тыңдайық, түсіну үшін.

С ұ л т а н. Домнаның ауа жылытқышы ол – регенератип құрылғы. Ол пештің ішіндегі ауаны тоғыз жүз мың градусқа ысытып жібереді.

П о г о р е л о в. Тамаша. Қарамұратов жауабы үшін екі қоямыз. Ал Әбішевке аудармасы үшін бестік баға.

Сыныптағылар күледі.

Т о ғ ы з ы н ш ы к ө р і н і с

Училищенің оқу залында қазақстаннан келген жігіттер кітап оқып отыр. Бір үстелдің қасында Сұлтан мен Маркс отыр. Олардың арт жақ тұсында Бекзада үлкен ватман қағазға сурет салып жатыр.

С ұ л т а н. Маркс, сен анау қызға... Сенімен бірге жүретін қыз...

М а р к с. Светаға ма?

С ұ л т а н. Сонда қалай болды?

М а р к с. Хат жаздым. Солай да солай, мен осындай жігітпін. Көңілімдегі өзіңе деген сөзді хатқа жазып отырмын. Саған ұанап қалған кім?

С ұ л т а н. Біреу...

М а р к с. Сол қызға сенің сезімің болса... қандай сезім екенін біліп тұрсың ғой... хатты жаз да бүктеп бұрышына хатты алып ұшып бара жатқан көгершіннің және жүректің суретін салу керек.

С ұ л т а н. Жоқ. Мен хат туралы сұрап отырған жоқпын. Ол өзі хат жазған. Сен онан да мынаны айтшы, украйын қызды бірінші кездескенде сүйіп алуға бола ма, жоқ па? Өзің біліесің ғой, біздің қазақ қыздарды бірінші рет кездескенде сүйем десең шапалақ жейсің.

Маркс Сұлтанның құлағына бірдеңелерді сыбырлайды. Оқу залына Ырысбек кіреді де Бекзаданың қасына келіп оны алақанымен қағып қалады.

Ы р ы с б е к. Сен не жазып отырсың мұнда?

Б е к з а д а. Не жаздым?

Ы р ы с б е к. Ой, бітеу. Қазір басыңның жарығын ашып жіберейін бе!

Б е к з а д а. Сұлтан! Сұлтан!

С ұ л т а н. Не болды?

Б е к з а д а. Айтшы мынаған. Неге маған тисе береді.

С ұ л т а н. Ырысбек, тиме оған.

Ы р ы с б е к. Бүлдіріп отыр ғой.

Б е к з а д а. Бүлдірген түгім жоқ.

Ы р ы с б е к. Бүгін Днепродзерженскийдің филармониясында болатын концерттің хабарландыру қағазын жасауға отырғызғам мынаны...

Б е к з а д а. Біз жазған қағаз кімге керек. Ол деген халық әртісі. Ол туралы хабарландырулар мен суреті салынған афишалар қалада толып тұр.

Ы р ы с б е к. Біз жазған хабарландырудың жөні бөлек. Апай көрсе біздің барымызды білетін болады.

Б е к з а д а. Бұрын Дина қай ауылда күй тартатынын бүкіл ел еш хабарландырусыз, афишасыз біліп отырған.

Ы р ы с б е к. Көп мылжындамай жөнде ана қате жерін.

Б е к з а д а. Қандай қате?

Ы р ы с б е к. Міне қара, «Ка» деп жазып жібердің.

Б е к з а д а. Дұрыс, канцерт қой.

С ұ л т а н. Канцерт емес концерт.

Б е к з а д а. Дұрыс, мен солай жаздым. Ка... сайтан! Не болып кетті мынау.

Ы р ы с б е к. Мақұлық. Осыны жазған қолыңды сындырып жіберем.

С ұ л т а н. Бүгін мен тағы бір билет сатып алуға барсам – жоқ. Билеттер неше күн бұрын сатылып бітіпті. Жігіттер, менің ойымша, ешқандай афишаның керегі жоқ. Онан да бір шоқ гүл сатып алып сахнаға шығып Бибигүл апайға берсек... қалай ойлайсыңдар?

Ы р ы с б е к (*Сұлтанға*). Саған қанша рет ескерттім, мен біреуге бұйрық бергенде араласпа деп.

С ұ л т а н. Бұйырық берген ұнай ма саған. Жарайды, бер онда сені тыңдайтын адамдарға. Ал мен гүл сатып алуға кеттім. Қаншадан жинаймыз? Ең үлкен букет керек.

Б і р ж і г і т. Мен де ақша қосам.

Е к і н ш і ж і г і т. Менде бір сом бар.

Б е к з а д а. Мен де сендермен бірге барам.

Бекзада жігіттермен бірге кетуге тырысады. Ырысбек оны жібермейді.

Ы р ы с б е к. Отыр. Қозғалма. Суретінді сал.

Б е к з а д а. Кетші.

Бекзада жігіттерді қуып оқу залының есігіне жеткенде есіктен қолына бланкот ұстаған ақ шашты жас әйел кіреді.

Т і л ш і ә й е л. Гафу етіңіздер, мырзалар.

С ұ л т а н. Бізді кешіріңіз. Кіріңіз.

Т і л ш і ә й е л. Жігіттер, мен сіздерді екі күннен бері байқап жүрмін. Бір сұрағым бар еді.

С ұ л т а н. Иә.

Т і л ш і ә й е л. Менің атым – Маргарита. Франциядан келген тілшімін. Сіздердің қолдарыңызда орысша жазылған кітаптар. Бірақ өздеріңіз орыстарға ұқсамайсыздар. Сонда сіз...

С ұ л т а н. Менің атым – Сұлтан.

Т і л ш і ә й е л (*күліп*). Түркияның сұлтанысыз ба? Сендер түркиялықтарға да ұқсамайсыздар.

С ұ л т а н. Біз қазақпыз. Қазақстанда тұрамыз.

Т і л ш і ә й е л. Қазақстан ол немене?

Б е к з а д а. Қазақстан ол мемлекет. Шібірден төмен жатқан мемлекет. Үлкен жер. Франциядан бесеуі сияды.

Т і л ш і ә й е л. О-ля-ля! Мен ондай мемлекетті білмейді екем. Сонда сіздердің мемлекеттің елбасы кім? Шыңғысхан ба? (*күледі*).

С ұ л т а н (*күледі*). Жоқ. Неге Шыңғысхан. Бізде де басқа мемлекеттер сияқты үкімет бар.

Т і л ш і ә й е л. Басқа мемлекеттер сияқты үкімет бар деп айтуға болмайды сіздерге. Бізде францияда ел басымыз халық сайлаған президент.

С ұ л т а н. Бізде де президент.

Т і л ш і ә й е л. Сонда ол кім?

С ұ л т а н. Мен.

Т і л ш і ә й е л. Ооо, түсінемін. Мұныңыз қалжың ғой.

М а р к с. Ешқандай қалжың емес.

Т і л ш і ә й е л (*Марксқа*). Ал сіз кім боласыз? Министр?

М а р к с. Мен Маркспын.

Т і л ш і ә й е л. Карл Маркс? (*күледі*). Ал Фридрих Энгелс қайда жүр?

Жігіттер тілші әйелмен бірге күледі.

С ұ л т а н. Шындықты айтсақ, біз студентпіз. Украинаға Қазақстандағы металлургтардың қаласы Теміртаудан келдік.

Т і л ш і ә й е л. О-о-о, Теміртау! Онда менің тағы бір сұрағым бар. Сіздерде СССР-дың адамдары шетелден келген тілшілермен тілдесуден қорқады. Сіз қорықпайсыз ба?

С ұ л т а н. Жоқ. Сұрағыңызды айтыңыз?

Т і л ш і ә й е л. Жақында Теміртауда жұмыскерлердің көтерілісі болған. Сіз «Свобода» радиосын тыңдайсыз ба? Көтеріліс жасаған жұмыскерлерге Кеңес үкіметінің несі ұнамады?

Б е к з а д а. Кетейікші, Сұлтан. Бізге сатып алатын гүл қалмай қалады.

М а р к с. Кетейік осы албастыдан.

С ұ л т а н. Ешқандай радио тыңдаған жоқпыз. Сонда біздің Теміртауда не болды?

Т і л ш і ә й е л. Көтеріліс болды. Қалаға әскер кірді. Қаза болған, жараланған адамдар бар. Ал құрылыс тоқтады.

С ұ л т а н. Теміртауда құрылыс ешқашан тоқтамайды.

Т і л ш і ә й е л. Неге? Сізді құрылыс жасауға үкімет зорлап отыр ма?

С ұ л т а н. Жоқ. Бізді зорлайтын жан жоқ. Теміртау біздің өміріміз. Ал өмір сүруге ешкім зорламайды. Сонымен біз қаламызды көтеріміз. Зауыттарымызды дамытамыз. Кеттік, жігіттер!

Сұлтан жігіттермен кетеді. Тілші әйел бланкына бірдеңелерді жазып тұрып қалады.

О н ы н ш ы к ө р і н і с

Училище. Сынып. Погорелов мұғалім оқушылардың алдында тұр.

П о г о р е л о в. Қарамұратов, саған, менің жас досым, тілмаш тағы керек пе?

Ы р ы с б е к. Мен аударайын.

Қ а р а м ұ р а т о в. Мен орусский айтамын.

П о г о р е л о в. Тамаша, Қарамұратов. Айтатын уақыт болғалы қашан. Бірақ, орусский деген жоқ. Русский тілі бар.

Оқушылар күледі.

Қ а р а м ұ р а т о в (*ренжіп*). Неменеге күлесіңдер. Шын тырысып жүрім ғой.

П о г о р е л о в. Саған ешкім күліп отырған жоқ, Қарамұратов. Саған солай көрінсе кешірім сұраймын. Маман металлург болғың келсе орысшаны жақсы білуің керек. Енді, сұрағым: флюсы деген не?

Қ а р а м ұ р а т о в. Плюсы ол...

П о г о р е л о в. Плюсы емес, флюсы.

Қ а р а м ұ р а т о в. Плюсы.

С ұ л т а н. Дмитри Изотович, қазақ тілінде «Ф» деген дыбыс жоқ. «Ф» ның орнына «П» дейміз.

П о г о р е л о в. Жарайды, Қарамұратов, плюсы болсын. Жауабыңды жалғастыра бер.

Қ а р а м ұ р а т о в. Плюсы металлургияда бар материал. Шихтаға тастайтын. Пизикамен, химия кашестуамен шлак болу үшін.

П о г о р е л о в. Болу үшін болсын. Осы жолы сен үздік бағаға жауап бердің. Енді сенің шлакқа апаратын физикалық, химиялық процестің мәнін қалай түсінгеніңді білуім керек. Флюсты неміс тілінен аударсақ ағын деген мағына береді. Неміс металлургтар осы сөзді неге пайдаланатынын түсіндіріп жіберші.

Қ а р а м ұ р а т о в. Бір зат ағып кетсе оны металлургияда ағын дейміз. Плюс ағып тұрса жақсы. Ағып тұрмаса шлак жаман болады. Пизикалық, химиялық та жақсы болмайды.

П о г о р е л о в. Жарайды, болсын. Сенің тырысып жүргенің енді көрініп тұр. Менің жас достарым, біз қандай терминді айтсақ та оның мәнін түсінуіміз керек. Қандай дүние болмасын сыртын ғана емес мәнін танып-білсеңдер ғана жақсы маман боласыңдар.

Б е к з а д а. Дмитрий Изотович, бүгін бізге ертерек қайтуға бола ма? Күнде сабақтан кейін төрт сағат зауытта жұмыс істейміз. Ұйқымыз қанбай әбден шаршап жүрміз.

Ы р ы с б е к. Осы плюс – флюстердің мәнін зауытта бізден ешкім сұрамайды. Бізден сұрайтын бір нәрсе ғана бар: осы темірді анда апар, ана темірді мұнда әкел.

Оқушылар күледі.

М а р к с. Шындықты айтсақ, Дмитрий Изотович, зауыттағы шеберлер «оқыған нәрсені ұмытыңдар, біз сендерді жаңадан оқытамыз» деп қарсы алған.

Оқушылар күледі.

П о г о р е л о в. Сонда шеберлер сендерді қандай нәрсеге үйретеді?

Б е к з а д а. Енді... Кеше бір шебер менен домнаға қарап тұрғанда сенің басыңа қандай ой келеді деп сұрады.

П о г о р е л о в. Сен оған не деп жауап бердің?

Б е к з а д а. Осы домна пеш маған от алған бір дәу сияқты көрінеді. Бар ойым осы дәуді қалай көндіруге болады деумен болады. Ал шебер маған жоқ, сен домнаға қарағанда оны дәу жау деп ойлама. Сен оны бір өте таныс жұмсақ денелі қатын сияқты көр. Домна саған сонда көнеді, деді. Мен оны түсіндім. Бірақ бір нәрсе оғаш естілді. Қазақтар жұмсақ денелі қатын деп айтпайды.

Оқушылар күледі.

С ұ л т а н. Адам темірдің табиғатын сезсе ғана темір көнеді деп айтқан шебер сөзінің жөні бар ма?

П о г о р е л о в. Мен болат қортушы емеспін. Мен мұғаліммын. Бірақ менің ойымша, бүкіл адамдар темірді сезетін қабылетпен тумамайды. Бұл қабылет музыканттың тума қабылетіне ұқсас, туғанда берілмесе үйрену де мүмкін емес. Бірақ сөз жоқ, заводта алған тәжірибенің орны үлкен. Әсіресе жас мамандардың шеберге айналуына.

М а р к с. Әрине, қандай зат болмасын қолмен ұстап жұмарлап көрмесең не қылған зат екенін біле алмайсың.

Б е к з а д а. Тәжірибесіз оқу, мүйізсіз қошқар сияқты.

Сыныптағылар күледі.

П о г о р е л о в. Ал, Сұлтан, сен қалай ойлайсың?

С ұ л т а н. Зауыт көп нәрсеге үйретеді. Бірақ, тәжірибені оқудан жоғары қойған адамдар, алдында көп оқыған адамдар болуы керек деп ойлаймын. Тек тәжірибемен жүрем деген жастар зейнетке жеткенше қара жұмыспен өмір сүреді.

П о г о р е л о в. Айтқаның дұрыс, адам өз басымен өмір сүріп, өз басымен жұмыс істеуі керек. Ал бас білімге толы болуы тиіс. Ендеше сабақ осы араға дейін болсын. Боссыздар. Әбішев, осында қал сенімен сөйлесетін шаруа бар.

Жігіттер шығып кетеді. Сұлтан қалады.

С ұ л т а н. Не боп қалды, Дмитрий Изотович?

П о г о р е л о в. Болды. Үш күн бұрын болған сценаның анығын түсіндірші маған? Кітапхананың оқу залында?

С ұ л т а н. Қандай сцена?

П о г о р е л о в. Француз тілшімен?

С ұ л т а н. Оны қалай біліп алдыңыз?

П о г о р е л о в. Мен білуге ешқандай тырысқан жоқпын. Бірақ, шақырылмаған қонақтар біліп алуға тырысып жүр.

С ұ л т а н. Қонақтар? Түсінбедім?

П о г о р е л о в. Таңертең бір сыпайы жігіт келіп маған сен туралы әр түрлі сұрақтар қойды. Әрине, олар қазір қарумен жүрмейді. Бірақ олардың ары жағында сесі бар.

С ұ л т а н. Ешқандай сцена болған жоқ.

П о г о р е л о в. Мен қазақстанның президенті дегенді сен айттың ба?

С ұ л т а н (күледі). Ол жай қалжың ғой, Дмитрий Изотович. Кеңес одағының республикаларында ешқандай президент жоқ. Болуы да мүмкін емес. Оны жападан басын көтермейтін шошқа да біледі.

П о г о р е л о в. Кремльде Мұртты кісі отырған кезде осы сөзі үшін қаншама азаматтар жиырма бес жылға Шібірге айдалып кеткен.

С ұ л т а н. Мұртты кісі деп Сталинды айтып отырсыз ба?

П о г о р е л о в. Ақырын сөйле. Әрине қазір бұрынғыдай заман емес. Бұл сөзіңінің қалжың екенін естіген адамдар білмейді емес, бірақ Теміртау жайлы айтқаның қалжыңға жатпайды. Жұмысшылардың көтерілісі туралы және сенің басқа сөздерің. Білмейсің, қалай олар... бір сабақ бос жіптің ұшына ілінсе болды, суыртпақтап тартып орға құлатады олар.

С ұ л т а н. Сонда осы сөзімді оларға кім жеткізді?

П о г о р е л о в. Кім жеткізгені маңызды емес. Сенің қасыңда тұрған біреуі ғой. Саған, менің жас досым, бүгін-ертең үйге қайту керек. Мүмкін сонда жіп үзіліп кетеді. Қазақстан басқа республика ғой, Украинадан алыста жатыр. Сол жақтан тартып алу оларға қиын болады.

С ұ л т а н. Менің айтқан сөзімде ешқандай қылмыс жоқ. Бәрі шындық. Мен топтасып көшеге шыққан жігіттермен бірге сол Теміртау құылысында жұмыс істегенмін. Сұрағаны жай тұрмыстық заттар ғой. Жұмыс қолғабы, резин етіктер. Әр күні жейтін нанымыз жабысып тісте қалатын. Балық консерваларда болған жоқ. Ішетін суымыз сасыған, басқа су болмады. Ал біз күніне он екі сағаттан жұмыс істедік қой. Дұрыстап ұйықтайтын жер де жоқ. Төбелес шығарғандар біз сияқты жұмысшылар емес, көбісі үкіметтің өзі жұмысқа әкелген қылмыскерлер болатын. Ал біз комсомол жастар... Біз бүкіл Кеңес одағының күшін нығайту үшін ешқандай нәрсеге қарамай құрылыс жұмысын жасадық!

П о г о р е л о в. Жарайды, жарайды, соншама қызынып кетпе. Мен кафедрадағы оқытушылармен сенің емтиқанды мерзімінен бұрын тапсыруың

туралы сөйлесіп шешейін. Сен сұрақтарға дайындал. Конспектілерің толық па?

С ұ л т а н. Ия. Бәрі дайын.

П о г о р е л о в. Оның жақсы. Ертең емтиқан тапсыр да, вокзалға барып билет ал да, ауылыңа заула.

Погорелов Сұлтанды есікке қарай итеруге тырысады. Сұлтан қозғалмай тұрып алады.

П о г о р е л о в. Тағы не? Сұрақтар бар ма?

С ұ л т а н. Мен ешқайда кетпеймін.

П о г о р е л о в. Неге? Сен мені түсінбей тұрсың ба? Саған міндетті түрде кашу керек.

С ұ л т а н. Қашуды бір бастасаң ешқашан тоқтай алмайсың.

П о г о р е л о в. Айтар сөзді айттым. Енді абайлап жүр. Әсіресе тілінді бақ.

С ұ л т а н. Дмитрий Изотович, біздің халықта осындай сөз бар: «Сыр қалтада, қалта сыртында». Ойынды қанша жасырып жүрсең де, бір кезде сол ойың айналаңдағы адамдарға түсінікті болып шығады. Мен бірге келген жігіттермен бірге қайтамын.

О н б і р і н ш і к ө р і н і с

Шамалған. Ақшам. Шағын бір үйдің бөлмесі. Бөлмеде иығына Украиналық үлкен орамал жапқан Әлжан отыр. Қолында телеграмма.

Ә л ж а н. Құлыным-ау, сенің жолың ұзақ, жүгің ауыр, мансабың биік болатынын өзің дүниеге келердің алдында әулие бабаң аян берген сол түсімде-ақ сезгем. Сен жайдан жай емес, ұлы аруақтардың аянымен, бата-шапағатымен халқыңның бағы үшін туған адамсың. Сездірді ғой соны ата-бабаңның асыл аруағы. Менің балам болсаң да, халқыңның ұлы екенінді ұмытпа, құлыным. Сен маған облыс туралы айтасың, мен сенің одан үлкен биіктерге шығатыныңды баяғыда-ақ білгем. Сол күндерге мен жетер-жетпеспін, бір Алланың өзі біледі, бірақ сен мұратыңа жетесің, балам. Оған кәміл сенемін. Өзіңнің ақылың мен қайратың жеткізеді. Қиындық жігерсізді жасытады, қайраттыны ширатады. Ұлан белдегі ұлы мақсаттарыңнан қайтпа, балам. Әрқашан ұлы бабаларыңның аруағы жар болып, пәле-жаладан Қарасай атаңның қызыл жолбарысы қорғасын сені, құлыным!

Басына жаңа қалпақ киген Әбіш кіріп, Әлжанның қасына отырады.

Ә б і ш. Сенің осы сөзіңнің бәрі телеграммада жазылмаған шығар. Телеграммада екі-үш сөзден артық болмайтын еді ғой.

Ә л ж а н. Екі-үш сөз емес, бір хаттың көлеміне жететін әжептауір сөз бар: Теміртауға келдім. Ертең таңертең жұмысқа шығамын. Нұрсұлтан. Айналайын, құлыным менің!

Ә б і ш. Құлыным менің деп те жазылған ба? (күледі).

Ә л ж а н. Әбеке, не болды, үй салқындап кетті ме?

Ә б і ш. Жоқ, бұрынғыдай.

Ә л ж а н. Онда қалпақты неге киіп алдыңыз?

Ә б і ш. Енді... Сен балаң Украинадан әкелген орамалды үш күн болды шешпей жүрсің ғой. Сонда менің украиындық қалпақты бір рет киюге құқым жоқ па?..

Ә л ж а н. Бар ғой, отағасы.

Ә б і ш. Күз келіп қалды, далада салқын леп бар. Қазір малды қарау керек. Сонымен ғой киіп отырғаным.

Ә л ж а н. Сатыбалды мен Әнипа екеуі малдың жем-суын беріп қойды. Демал.

Ә б і ш. Жарайды. Білмеймін. Не жетпей тұр маған қазір?.. Тағы да шай ішсем бе... әлде айран...

Ә л ж а н. Мен білем саған не жетпей тұрғанын.

Ә б і ш. Білсең айтшы.

Ә л ж а н. Саған біздің тұғышымыз туралы әңгіме жетіспей тұр.

Ә б і ш. Ол туралы тағы айтатын несі бар. Баламыз дұрыс жолға түскен. Техникалық ушилишені бітірген, жұмысқа тұрған. Украинаның техникалық ушилишесі біздің институт сияқты ғой.

Ә л ж а н. Горновой болады. Әбеке, түсіндірші маған. Горновой деген кім? Бригадир сияқты ма? Сұлтаннан сұрауға ыңғайсыз болды.

Ә б і ш. Мен бригадир болдым. Ал горновой инженерге жақын маман. Бәрі горновойдың қолынан өтеді. Шойын-болатты қортудың жұмыс барысын, оның сапасын, тағы... тағы... қарапайым ел түсінбейтін жұмысы көп. Бұл уақытша ғой. Біз әлі білмейміз ол тағы қандай биікке көтерілетінін. Домна пештің ыстығы тозақтың отындай болады. Сұлтан домнаның ішіндегі температура екі мың градусқа жетеді деген.

Ә л ж а н. Ондай болуы мүмкін емес қой, Әбеке.

Ә б і ш. Жарайды, тозақтың отындай болмаса да өртенген күннің ыстығына жақын. Бір смена өткенше горновой бір шелек су ішеді. Сол бір шелек су горновойдан тер боп ағады.

Ә л ж а н. Құрысыншы осы жұмыс. Әбеке, балаңа ақыл айтпайсың ба, қойсын сол жұмысын.

Ә б і ш. Әрине, айттым. Тұзды суды көп іш деп ақыл айттым. Тұз денедегі суды сақтайды. Бірақ, бәрібір тер тоқтамайды. Жұмыс біте сала жарты сағат бойы салқын суға малтып жатады екен. Сосын ештеңе болмағандай сергіп шығатын көрінеді.

Ә л ж а н. Адам төзетін жұмыс емес қой.

Ә б і ш. Осы сөзіңнің жөні бар. Дұрыстап демалмағандықтан жұмыс біткенде біреулерінің мұрнынан қан ағатын көрінеді.

Ә л ж а н. Қорқытпашы мені.

Ә б і ш. Біздің баламызға ештеңе болмайды. Ол отпен жұмыс істеу үшін арнайы жаралған.

Ә л ж а н. Отпен ойнағанның несі жақсы.

Ә б і ш. Нағыз еркек отпен ойнамайды. Нағыз еркек отты бағындырады. Отты өзіне бағындырған кісі өте биікке шығады.

Ә л ж а н. Құдай берген баламыз ғой.

Ә б і ш. Мүмкін ол бүкіл Теміртау зауытының бастығы болады.

Ә л ж а н. Құдай сақтасын!

Ә б і ш. Сол жұмысты игеру үшін қандай үлкен ақыл керек. Ұлымызда ондай ақыл бар ғой. Қалай десең де атасы Назарбай би болды. Назарбай биден мынау Алатаудың арғы-бергі бетіндегі ел түгел, тіпті Балқашты жағалай жатқан жұрттан да келіп ақыл-кеңес сұрайтын болған. Назарбай би болса алдына келген елге дұрыс пен бұрысты ажыратып жол сілтеп отырған. Ұлымыз сол ақсақалға тартқан.

Ә л ж а н. Әбеке, жігіттің жақсы болмағы нағашыдан дегенді қалай ұмытасың. Жатқанбай молда жеті жұрттың тілін білген оқымысты болған жоқ па. Арабша оқыған, ұйғырша, татарша сөйлеген.

Ә б і ш. Ия, ия. Екі атасына да тартқан. Бірақ, баламыз Назарбаев емес пе?..

Ә л ж а н. Енді міндет оны жақсы қызға үйлендіру керек. Бірнеше қызды көріп жүрмін. Құда түссек болды.

Ә б і ш. Жоқ. Бұл ісіне араласпайық, Әлжан-ай. Қазіргі жастардың жұрыс-тұрысы басқаша, біздің ыңғайға келмейді. Біздің Сұлтанымыз городской жігіт болып кетті ғой. Ол енді өзіне ылайық городской қызды табады. Біздің одан басқа да шаруамыз бар. Сұлтанның іні-қарындастары әлі жас. Оларды оқыту, жеткізу керек. Екеуіміздің алдымызда міндет әлі көп.

Ә л ж а н. Дұрыс, Әбеке. Сатыбалдыға костюм керек. Жігіт боп қалды. Ана жолы Қаскелеңдегі дүкеннен жақсы бір костюм көрдім.

Ә б і ш. Енді соны сатып алмайсың ба.

Ә л ж а н. Сұлтанымыздың туған үйінде тұрған үш күні маған үш сағаттай өтіп кетті... Сол салқын қалада не істеп жүр екен өзі...

О н е к і н ш і к ө р і н і с

«Даешь Казахстанскую Магинтку» деп жазылған траспарант, қызыл тулар. Репродукторлардан музыка естіледі. Сахнаның ары жағында Сұлтан мен бір мосқал ер адам тілдесіп тұр. Арқалық пен қолында фотоапараты бар Хәкім шығады да бір бұрышқа барып тұрады.

А р қ а л ы қ. Үш тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істеу арқылы біз Қарағанды Магинит зауытының комсомолдары өзіміздің Кеңес Одағы Компартиясына рапорттап тұрмыз. Партия біздің алдымызға қойған мақсатты іске асырдық. Бүгін 1960 жыл 3 шілде, 15 сағат 7 минутта №1 домна пешініде тұңғыш Қазақстандық шойынды қортып шығардық.

Хәкім фотоапаратты көтеріп Арқалықты түсіретін түсірмейтінін ойланып біраз тұрады.

Х ә к і м. Жоқ. Бірдеңе жетіспейді. Костюммен, галстукпен тұрсың. Мұның жарамайды. Саған бір жұмыскерлердің спецопкасын табу керек. *(Алыста тұрған Сұлтанға қарайды)* сенде анау жігіт киіп тұрған металлургтың шлапасы болса әйбат шығады.

А р қ а л ы қ. Бізде комсомол комитеттің бөлмесінде спецопка бар.

Х ә к і м. Ол киілмеген шығар.

А р қ а л ы қ. Ия.

Х ә к і м. Жаңа спецопка жарамайды. Шындыққа жараспайды. Бізге металл тамып тесілген роба керек. Арқалық, анау жұмыскер жас жігітпен тұрған Сәтбаев емес пе?

А р қ а л ы қ. Мүмкін. Шақырған қонақтардың тізімінің арасынан академик Сәтбаевтың есімін көргем. Бірақ академикке жұмыскерлермен сөйлесіп не керек.

Р а д и о н ы ң д а у ы с ы: «Сәтбаев жолдас біз митингте сізді күтіп тұрмыз. Сәтбаев жолдас, митинг бастаушы кісілер сізді күтіп отыр».

Сәтбаев Сұлтанның қолын қысып қоштасады да кетеді.

А р қ а л ы қ. Тошна. Ол Сәтбаев болу керек.

Х ә к і м. Ұлы қазақ! Ол Жезқазғаннан өте бай мыс кенішін тапты. Бірақ осындай жеріміздің ну бетін сақтау үшін ешкімге айтпай жүрген. Бірақ Гитлермен соғыс басталғанда... амалсыз айтты. Сосын соғыста атылған он оқтың тоғызы біздің қазақтың мысынан жасалды ғой.

Сұлтан басын салбыратып Арқалық пен Хәкімді байқамай өтіп бара жатыр.

Х ә к і м. Сұлтан! Сенсің бе?

С ұ л т а н. Хәкім? Сен мұнда не істеп жүрсің?

Х ә к і м. Мен облыстық газеттің тілшісімін. Ал мұнда «Егемен Қазақстан» гезетіне мақала жазу үшін және жас еңбек ерлерінің портретін жасауға келдім. Тоқташы... тоқташы... Ей, сен сол портретке дәл келесің ғой.

А р қ а л ы қ. Сұлтанның тесік-тесік шлапасын мен киіп алсам қалай болады, жолдас кориспендент?

Х ә к і м. Ал анау галстук пен ақ көйлекті қайда жасырасың? Шындықты айтсам сенің бетің тым толық. Сенің металлург екеніңе еш оқырман сенбейтін болады.

А р қ а л ы қ. Кешіріңіз... Менің жыныма тимей тұрсаң болмай ма?

С ұ л т а н. Мен кеттім.

Х ә к і м. Тоқта. Мен портретті еріккеннен түсіріп жүрген жоқпын. Республикалық газет үшін түсіріп жүрмін. Керек болса бұл саясат. Тұр мұнда. Басыңды сәл көтер... Еее, міне енді дұрыс болды.

Сұлтан дұрыстап тұрады. Хәкім оны фотоға түсіреді. Осы сәтте Бекзада мен Маркс келеді.

М а р к с. Нағып жатсыңдар?

Х ә к і м. Кедергі жасамаңдар, жолдастар. Өтіңдер тез.

Хәкім фотоапаратты бірнеше рет шырт-шырт еткізеді.

М а р к с. Ей, Бекзада, қарашы. Мынау Хәкім ғой.

Б е к з а д а. О-о-о... дәл өзі. Қашқын.

Х ә к і м. Өзің қашқынсың. Мен ақынмын.

М а р к с. Саламатсыз ба, Жамбыл ата!

Х ә к і м. Мен Жамбыл болсам, осы заманның Жамбылымын.

Б е к з а д а. Мұнда не істеп тұрмыз. Міне жұмыс уақыты бітті. Бір жаққа барып сыра ішейік.

А р қ а л ы қ. Қандай сыра. Сендер митингтен неге қашып барасындар? Өздерің біз комсомолмыз деп қоясындар.

М а р к с. Митинг сенімен кетсін. Кетші ары. Біз сыраханада өз митингімызды жасаймыз.

Б е к з а д а. Бірінші шойын үшін ішсек жөнсіздік болмас.

Х ә к і м. Тошна. Кездескеніміз үшін көтерсек те себеп.

М а р к с. Сұлтан, тезірек жуынбайсың ба. Біз сені күтіп тұрмыз.

С ұ л т а н. Жоқ. Мені күтпей бара беріңдер. Поштаға кіріп шығуым керек.

Х ә к і м. Не үшін?

М а р к с. Сұлтан айлық алған сайын әкесіне ақша жіберіп тұрады.

Х ә к і м. Не керек? Менің айлығым өзіме жетпейді.

С ұ л т а н. Барыңдар.

Б е к з а д а. Сені күтеміз.

Х ә к і м. Ей асықпашы, Сұлтан! Кездеспегелі қанша болды. Өңгімелесейік. Үйлендің бе?

С ұ л т а н. Жоқ әлі. Бірақ ондай ой бар. Ал өзің?

Х ә к і м. Үйлендім. Кішкентай қызым бар.

С ұ л т а н. Құттықтаймын.

Х ә к і м. Өлең жазып жүрсің бе?

С ұ л т а н. Өлең жазуға уақыт табылмайды.

Х ә к і м. Мұның бекер. Сенің өлеңдерің өзінше еді. Ал менің өлеңдер жинағым шықты. Енді екінші кітапты дайындап жатырмын.

С ұ л т а н. Кездесеміз тағы. Кешір, тұңғыш шойынымыз қалай қортылады деп алаңдап түнде дұрыс ұйықтай алмадым. Аяғымды әрең тіреп тұрмын.

Х ә к і м. Кетпеші! Портретке мақала жазу керек. Саған сұрақтарым бар. Болашақта қандай жоспарларың бар?

С ұ л т а н. Айта қоятындай жоспар жоқ. Келесі жылы Политехникалық институтқа оқуға түссем деген ой бар.

Х ә к і м. Қайсы Политехникалық институтты айтып тұрсың? Қарағандыдағы институтты айтып тұрсың ба?

С ұ л т а н. Әрине. Енді бізге жақын тағы қандайы бар? Менің жоспарым жұмыстан қол үзбей жүріп оқу. Сондықтан алысқа бара алмайсың.

Ырысбек келеді.

Ырысбек. Мә... Көне көздер жиналып қалыпты ғой.

Маркс. Ырысбек, сен мұнда не істеп жүрсің? Сен Оксанаға үйленіп Днепродзержинскде қалып қойып едің ғой.

Ырысбек. О-о-о, Бикоша. *(Бекзаданың басынан қағып қалмақшы болады)*. Әкелші төбеңді бір шертіп жіберейін.

Бекзада. Ары тұршы менен.

Хәкім *(Ырысбекке)*. Оууу... Кигенің тері куртка! Мұндайды бізден таба алмайсың. Мен мұндай куртканы жазушылар одағында Олжастың үстінен көргем. Ол Францияға барғанда сатып алыпты. Сонда сен де шетелге барып келдің бе?

Ырысбек. Ал сен кімсің өзің?

Хәкім. Журналистпін. Сен өзің кімсің?

Маркс. Бұл Ырысбек. Біз Днепродзержинскіде бірге оқығанбыз. Сен әлі жауап бермедің, Ырысбек, сен мұнда?.. Қайтадан біздің зауытқа жұмысқа келдің бе?

Ырысбек. Сенің зауытың не керек маған. Шаң, кір, күйе...

Маркс. Шаңда, күйеде не бар соншама. Жұмыстан кейін душқа жуынып алып, танцаға барамыз. Ал танцада крепдешиннен көйлек киген тамаша қыздар бізді күтіп тұрады.

Сұлтан. Бүгін танцаны қойып, жастар қорына барамыз.

Маркс. Неге?

Сұлтан. Айттым ғой. Тәңертеңнен бері Домнамен билеп әбден шаршадым.

Жігіттер күледі.

Маркс. А-а-а, анау Украинадағы шебердің домна пеш ыстық әйел сияқты дегені есінде қалған ғой.

Жігіттер күледі. Сұлтан кетуге тырысады.

Хәкім. Әй, жігіттер, осындай бос сөзді қойыңдаршы, ә. Мен мұнда газет үшін репортаж жасап тұрмын ғой. Сұлтан, маған дұрыстап түсіндіріп жіберші. Шойын қортудың қандай қыр-сыры, қиыншылығы бар?

Сұлтан *(кетіп бара жатып)*. Ешқандай қиыншылығы жоқ.

Сұлтан, Бекзада, Маркс, Хәкімдер сөйлесіп шығып кетеді. Ырысбек пен Арқалық қалады.

А р қ а л ы қ. Мен сені бір жерден көрген сияқтымын. Қайда жұмыс істейсің?

Ы р ы с б е к. Керек жерде.

А р қ а л ы қ. Ия, енді есіме түсті. Сен анау Теміртау партия горкомының жаңа шопырысың ғой. Ал мен комсомол зауыт комитетінің мүшесімін. Атым – Арқалық.

Арқалық пен Ырысбек қол алысады.

А р қ а л ы қ. Жолдас Катков қалай? Денсаулығы дұрыс па?

Ы р ы с б е к. Катков жолдастың өмірі де, денсаулығы да бәрі дұрыс.

А р қ а л ы қ. Лазарь Аркадьевичке біздің комсомол комитетінің жұмысы туралы жеткізуге дайынмын. Қандай жоспарымыз бар, қандай кездесулер өтеді...

Ы р ы с б е к. Қызық болса өзіміз сұраймыз.

Ырысбек кетеді.

А р қ а л ы қ (*Ырысбектің артынан*). Менің фамилиям Жоламанов. Арқалық Жоламанов.

О н ү ш і н ш і к ө р і н і с

Витебский профессордың бөлмесі. Бөлмесінде мойнына жүн шәрпі ораған Ефим Ефимович жатыр. Бөлмеге Нина Павловна кіреді. Оның артынан Сұлтан кіреді.

Н и н а П а в л о в н а. Ефим Ефимович, сізге, студентиус келіп тұр.

С ұ л т а н. Саламатсыз ба, Ефим Ефимович!

В и т е б с к и й. Саламатсыз, Әбішев. Міне жатып қалдым температурамен. Бірақ, зачетты алуға міндеттімін. Сіз ғана келдіңіз бе? Қалғандар қайда?

С ұ л т а н. Білмеймін. Сіздің үйдің қасында кездесуге келіскенбіз. Күттім. Бірақ олар жоқ. Кешігіп жатыр.

Н и н а П а в л о в н а. Міне, бір ғасыр өтті бірақ студенттердің мінезінде ешқандай өзгеріс жоқ. Кешіккеніне өкініп жүрген жоқ. Мұғалімнің аурып қалғанына қуанып қыдырып жүрген шығар.

В и т е б с к и й. Нина Павловна, бізге шай дайындап жіберсеңіз әуірелемейміз бе?

Н и н а П а в л о в н а. Ұмытып қалдыңыз ба, мен сізге жұбайыңыз емеспін. Тіпті сіздің малай әйеліңіз емеспін.

В и т е б с к и й. Өтінемін.

Н и н а П а в л о в н а. Жақсы. Сіздің бақытыңызға жарай, менің де шайға тәбетім тартып тұр. Шайымыз қайнап тұр. *(Нина Павловна шығып кетеді).*

В и т е б с к и й. Нина Павловна менің ежелден жақын көршім. 39 жылдан. Мен Қарлагта отырдым, ал Нина өмірін Алжирде өткізді. Ақмолалық халық жауларының әйеліне арналған лагер. Әбішев, мұнда жақын отыр. Орта қортуға жататын темірлер туралы не білеміз?

С ұ л т а н. Орта қортуға жататын темірлер 600 градустан бастап 1600 градусқа жеткенде балқып кетеді. Оған алюмин, мыс, қалайы жатады...

В и т е б с к и й. Болды, білесің. Бес. Сіз менің ең жақсы студентіміз. Саған жұмысты тастап күндізгі оқуға келу керек. Сенің басың жақсы жұмыс істейді. Қызыл диплом аласың. Сосын аспирантураға түсуге болады. Ғылым өте тамаша нәрсе.

С ұ л т а н. Бес жүз сомдық айлықтан жиырма сегіз сомдық стипендияға көшу тамаша нәрсе емес, Ефим Ефимович. Менің отбасым бар.

В и т е б с к и й. Әрине басында қиын болады. Үлкен ақшаны баспен табуға да болады. Сен ойлашы, мен сияқты профессор болсаң аш қалмайсың.

С ұ л т а н. Оны ойлауға әлі ерте. Металлді кезең-кезңімен қорытпасак бүлінетіні сияқты, өмір де солай менің ойымша. Ефим Ефимович, менің сізден сұрайтын бір сұрағым бар.

В и т е б с к и й. Сұрақ? Қандай сұрақ? Бағаң ұнамай тұр ма? Бестен жоғары ешкім қоймайды саған. Metallургияның құдайы болмаса.

С ұ л т а н. Ефим Ефимович, біздің Политехникалық институттың металлургия факультеті келесі жылы жабылады деп жүр. Сонда біз қайда барамыз?

В и т е б с к и й. Мен Қарметкомбинаттың ВТУЗ ына барып өзімнің металлургия сабағымды жалғастырамын. Ал сен өзің білесің. Сенімен бірге оқып жүрген студенттердің көбісі осы жағдайға байланысты басқа факультке ауысып жатыр.

С ұ л т а н. Жоқ. Маған басқа мамандық керек емес. Мен металлургпін.

В и т е б с к и й. Ия, металл туралы ғылым өте тамаша нәрсе. Әрі қауіпсіз.

С ұ л т а н. Рақмет, Ефим Ефимович. Ғылым маған қызық болса ғалым боламын. Оған қауіпсіздіктің еш қатысы жоқ.

Нина Павловна шай әкеледі.

Н и н а П а в л о в н а. Бұл күнәға батқан жер бетінде ешқандай қауіпсіз жер де, қауіпсіз маман да жоқ. Сіздің студентіңіз мұны болашақта түсінер.

В и т е б с к и й. Нина Павловна, өтінем сізден... Менің студенттеріме мұндайды біліп керегі жоқ.

Н и н а П а в л о в н а. Ефим Еимович, әрине сіз жақсы адамсыз. Адамға да, адалдыққа да сенесіз. Бірақ басқалар да бар ғой...

С ұ л т а н. Басқалар деген кімдер?

Н и н а П а в л о в н а. Мұртты кісінің адамдары.

С ұ л т а н. Мұртты?

Нина Павловна Сталинның портретін саусағымен нұсқап көрсетеді.

Н и н а П а в л о в н а. Осы қанішердің адамдары.

С ұ л т а н. Ол қанішер болса оның портретін неге іліп қойғансыздар?

Н и н а П а в л о в н а. Оны қоқсықтан тауып алдым.

В и т е б с к и й. Өз көзіңіз көріп жүрген жағдай ғой. Хрущев Саталинның жеке басқа табындру саясатын сынға алғасын жұрттың бәрі Сталинның портретін лақтырып тастады. Нина Павловна ешкімге көнбейтін бүлікшіл әйел. Үкімет оң жаққа жүрсе, бұл кісі қасақана сол жаққа жүретін адам. (күледі).

Н и н а П а в л о в н а. Күлетін түгі жоқ.

В и т е б с к и й. Әрине, күлетін түгі жоқ. Әсіресе сіздің Мәскеуге қайтуыңызға екінші рет рұқсат бермегенін айтсақ. Мұның осы портретпен байланысы жоқ па? Сіздің портретті үйімізге алып кіргеніңізді көршілер көрмеді дейсіз бе.

Н и н а П а в л о в н а. Жақсы. Сіздің үйден көшіп кетейін.

В и т е б с к и й. Сонда қайда барасыз? Мәскеуге ме? (күледі).

Н и н а П а в л о в н а. Мәскеуде енді не істеймін. Менің мамандығымның онда еш мәні қалмаған.

В и т е б с к и й. Нина Павловна санақ ғылымының маманы.

Н и н а П а в л о в н а. Біздің уақытымызда статистика арнайы ғылым болған. Бірақ Мұртты кісі оны өз күңіне айналдырды. 1939 жылғы статистика бойынша аштықтан миллиондаған адам қырылып, қалғаны тек 166 миллион 500 мың адам еді. Бірақ анау Мұрттыға бұл аз көрінді. Сөйтті тағы бірнеше миллиондаған адамның санын өтірік қосып айтуға бұйрық берді. Көнбегендерді лагерге тықты. Ал менің күйеуімді атқызып тастады. Оның бар кінәсі нақты сандарды айтқаны.

В и т е б с к и й. Нина Павловна, өтенімін. Енді саясат туралы әңгімені қойызшы. Мұндай әңгіменің ешкімге пайдасы жоқ. Әсіресе біздің студенттерге.

Н и н а П а в л о в н а (*Сұлтанға*). Ал сіз білесіз бе, 1926 жылғы санақ бойынша СССР да қазақтардың саны қанша болғанын. Біздің санақ бойынша 3 миллион 968 мың 282 адам болатын. Ал 1939 жылы 3 миллион 100 мың адам болып шықты. Он жылда 867233 адам азайып қалды. Бұл қандай барып тұрған өтірік.

В и т е б с к и й. Нина Павловна, мұның бәрі ешкімге қажеті жоқ тарих боп қалған нәрселер ғой. Жалынамын, енді бұл туралы жақ ашпаңыз. Сіздің күйеуіңізге не істегенін ұмытып қалдыңыз ба?..

Н и н а П а в л о в н а. Қазір осы сөз үшін ешкімді атпайды.

В и т е б с к и й. Ия, атпайды, бірақ жұмыстан шығарып жібереді. Ал менің әлі де жұмыс істегім келеді. Менің беретін біліміме студенттерім мұқтаж. Мені тыңдап жүрген шәкірттерім маған керек.

Н и н а П а в л о в н а. Менің ойымша 1932 жылғы аштықта өлген қазақтардың саны екі миллионнан да көп болуы мүмкін. Осындай апатты кешкен халықта енді қандай болашақ болады.

С ұ л т а н. Ал мен болашақтың жарқын екеніне сенемін.

Н и н а П а в л о в н а. Бұл сіздей жас жүректің тілегі ғой. Мүмкін жарқын өмір деген мұндай қырғын көрмеген жерде болар. Еуропада. Тек Қазақстан жерінде емес. КАРЛАГ пен АЛЖИРды қоссақ еуропаның бір орташа мемлекетінің көлемімен бірдей. Білесіз бе, тікенек темірмен торланған сол лагерде қанша адамды ауыр еңбекке жекті, азаптады, өлтірді. Жазықсыз жандардың қаны төгіліп, сүйегі қалған осындай жерде ешқандай бақыт болмайды. Бұл өлім мен азғындықтың нәлеті атқан жер.

С ұ л т а н. Бәрібір мен сенемін. Болашақта Қазақстан бақытты адамдар тұратын тәуелсіз ел болады.

П а у з а.

Н и н а П а в л о в н а. Сіз үйленгенсіз бе?

С ұ л т а н. Ия, үйленгелі қашан...

Н и н а П а в л о в н а. Жастықта өмір зулап өткендей көрінеді. Меніңше сіздің үйленгеніңізге көп болса екі жыл болған шығар. Сіздің жасыңызда бір жыл бір өмірдей көрінеді. Жас кісі өмірдің өзі көрмеген жасырын, жарқын тұстарын күн сайын байқап қалады. Ал біздің, кемпір-шалдардың өмірі саз батпақ сияқты бірдеңе. Ешқандай қозғалыс болмайды. Қасымда тілегімді

айтатын да бір жас адам жоқ. Сізге бір-екі ауыз сөз айтсам қарсы болмайсыз ба?

Сұлтан. Ия, әрине...

Н и н а П а в л о в н а. Қандай жағдай болмасын сіздің жолыңызда әлде бір кедергілер, тосқауылдар болса да, әлде кімдер көлденең тұрса да ешқашан тосырқамай алға тартыңыз. Біз Ефим екеуіміз сияқты Кеңес империясының тасасында қалып қоймау үшін не керек болса соны істеңіз. Қашанда қозғалыста болыңыз. Сонда ғана беймәлім бір жерде дәрменсіз болып қалып қоймайсыз.

В и т е б с к и й. Нина Павловна, сіз енді статистика ғалымы ғана емес, философ болып шықтыңыз ғой. *(күледі)*.

Н и н а П а в л о в н а. Ефим Ефимович, мынау жас жүрек жігітті еш үміті қалмаған қос қарттың қасында не үшін ұстап отырсыз. Зачеткасына бағасын қойып босатпайсыз ба, енді...

В и т е б с к и й. Кешіріңіз, Әбішев. *(Зачеткаға баға қояды)*. Мінекиіңіз! Сау болыңыз!

С ұ л т а н. Рақмет, Ефим Ефимович.

Сұлтан зачетканы алып шығып кетеді.

О н т ө р т і н ш і к ө р і н і с

Әбішевтің пәтері. Қонақ бөлмеде Сұлтан, Хәкім, Маркс. Маркс төр бөлменің есігін саңылаулап ашып сығалайды.

М а р к с *(есіктің артындағы адамға)*. Дайын бол, келе жатыр.

С ұ л т а н. Тұрма есіктің алдына.

Маркс есікті жабады. Сұлтан мен Хәкім мерекеге жайылған дастарқан басында тұрып қалады. Сара кіріп дастарқанға салатты қояды.

С а р а. Бекзада келді. Баяғысындай жалғыз.

Сара кетеді. Бекзада кіреді.

Б е к з а д а. Сәлем!

М а р к с. Сәлем, сәлем!.. Қалжыңдап тұрсың ба?

Б е к з а д а. Қандай қалжың?

М а р к с. Бүгін сегізінші март – әйелдердің мерекесі. Құттықтайтын адамың болмаса несін келдің?

Б е к з а д а. Бар. Сараны құттықтаймын. Бәтиманы, Айсұлуды құттықтаймын. Сыйлықтарым, гүлдерім бар оларға...

С ұ л т а н. Сен біздің әйелдерді қой. Қашанғы осылай жүресің. Біз міне балалы-шағалы болдық. Ал сен жүрсің ерікті орыс-қазақ сияқты.

Б е к з а д а. Қойыңдаршы. Тиіспеңдерші маған.

С ұ л т а н. Жоқ, болмайды. Достар досын ешқашан үмітсіздікте қалдырмайды. Сенің мына жүрісің әбден ыңғайсыз болып кетті. Бәрінің сұрайтыны сен. Анау достарың нағып үйленбей жүр. Ауыру емес пе, деп сұрайды. Білмейсің сосын не дерінді.

Б е к з а д а. Жігіттер, білесіңдер ғой мені, қыздармен жұғыса алмаймын. Олар маған көз қырын да салмайды. Алдарынан алай да былай да өттім. Түк шықпады...

М а р к с. Алдынан өттің?.. Жоқ, оларға басқа жағынан келу керек.

Б е к з а д а. Сонда қай жағынан?

М а р к с. Қазір түсіндірем. Арт жағынан келіп ұстай алу керек!

С ұ л т а н. Маркс, қойшы қалжыңды. Бізге досымызға көмектесу керек. Біреуді таныстырып дегендей...

М а р к с. Оған Сараның құрбысы Маликаны таныстарсақ ше? Ол қазір ана бөлмеде отыр.

Б е к з а д а. Жігіттер, қойыңдаршы... Мен өзім...

С ұ л т а н. Өзім... өзім... қойшы өзімінді... түк шықпайды.

М а р к с. Маликаға сен туралы айттым. Біздің бір керемет досымыз бар дедім. Мықты жігіт. Айлығы төрт жүз сом. Жақында зауыттан пәтер алатын түрі бар...

С ұ л т а н. Ал, сол қыз не деді?

М а р к с. Ұнаған сияқты. Танысуға қарсы емес.

Б е к з а д а. Жоқ... жігіттер, ыңғайсыз... Бағана шаштаразға барып маған полубокс жаса десем, ол менің шашымды боксқып жіберіпті...

Х ә к і м. Тамаша қыз! Сұлу! Мен өзім де қарсы болмас ем... бірақ...

Бәтима кіреді. Қолында ыдыстар.

Б ә т и м а. Нағып шулап жатсыңдар? (*Хәкімге*) Сен кіммен танысатын болдың?

Х ә к і м. Ешкіммен. Қайтем мен. Мен үйленген адаммын. Ойын-мойын маған келіспейді енді.

Б е к з а д а. Бәтима, сені сегізінші мартпен құттықтаймын... бақыт тілеймін!..

Б ә т и м а. Қалай жас өмірің?

Б е к з а д а. Мені жас деп нені меңзеп тұрсың?

Б ә т и м а. Меңзеген түгім жоқ. Не бүлдіріп жатсыңдар? Арқалық қайда?

М а р к с. Бүлдірген түгіміз жоқ. Ал сенің күйеуің папирос сатып алуға бір минутқа шығып кетті. Бара бер, ыдыстарды мен қоя берейін.

С ұ л т а н. Сараға да айт, сонда болыңдар. Тамақты, ыдысты біз өзіміз тасимыз.

Б ә т и м а. Не болды сендерге? Неғып соншама бәйек бола қалдыңдар?

С ұ л т а н. Енді... бүгін әйелдердің мерекесі ғой. Бұл күні дастарқан дайындау, кір жуу, үй тазалау бәрі еркектердің ісі болу керек.

Б ә т и м а. Сендердің бұларын ұнамай тұр маған... *(кетеді)*.

М а р к с. Неменеге созып тұрмыз. Бек, дайынсың ба танысуға?

Б е к з а д а. Жігіттер, ертең болмай ма? Мен сонда...

С ұ л т а н. Жоқ, қазір. Келіспесең біз сені осы жұбайлар тобымыздан шығарып тастаймыз.

Х ә к і м. Уақыт жетті. Сен, Бек, кішкентай бала емессің ғой.

Маркс есіктің қасына барады. Есікті кішкене ашады.

М а р к с. Малика, сенімен танысуға бір жігіт келді. Келші мұнда. Ұялмашы.

С ұ л т а н *(Бекзаданы есікке қарай итеріп)*. Анау қыз өте ұялшақ. Ал сенікі не, жігітсің бе, емессің бе. Ер жүрегің бар ма, жоқ па? Қорқақтамай бар анда.

М а р к с. Малика, шыққың келмесе шықпай-ақ қой. Бірақ амандасуға созшы қолыңды.

Ашылған есіктен қып-қызыл тырнақты қол көрінеді.

С ұ л т а н *(Бекзадаға)*. Оу, сен де берсеңші қолыңды. Амандас. Қыз қолын беріп тұрса, сен балбал сияқты қатып тұрсың.

Б е к з а д а *(қызыл тырнақты қолға қолын береді)*. Сәлеметсіз бе. Менің атым Бекзада...

Қызыл тырнақты қол Бекзаданың қолынан шап беріп ұстап өзіне тартады. Бекзада қолын босатпақшы болып тартынады.

Б е к з а д а. Бұл не өзі! Жібер қолымды! Қандай қыз өзі? Маған неге бұлай жабысып алды?!

Х ә к і м. Маркс-Энгельс, қарашы, тарнақтары қандай қып-қызыл, қанішер албасты сияқты!

Қолын босата алмаған Бекзада есіктің артындағы адамды күштеп бөлмеге тартып шығарады. Ол Арқалық болып шығады. Жігіттер күледі. Хәкім фотоапаратын дайындайды.

А р қ а л ы қ (Бекзадаға). Келші, танысқанымыз үшін бетіңнен бір сүйейін.

Х ә к і м. Қашпа, тұр қасына. Қазір екеуіңді естелік үшін фотоға түсіремін.

Б е к з а д а. Сендер!.. Сендер!.. (ренжіп, кетуге тырысады).

С ұ л т а н. Маркс, жіберме, ұста оны!

Маркс Бекзаданы қуып ұстап алады. Қолында бокалдары бар Сара мен Айсұлу кіреді.

Б е к з а д а. Жібер мені!

С а р а. Не боп қалды? Сен не, ауыздығымен алысқан ат сияқты секіріп тұрсың?.. Бекзада, қолымдағы бокалды түсіретін болдың...

Б е к з а д а (Марксқа). Жібер дедім саған.

С а р а. Бек, не болды саған? Қазір палау дайын болады.

С ұ л т а н. Бек, әне Сараның палауы дайын болды. Қандай дәмді десей, саусағыңды қосып жеп қоясың.

Б е к з а д а. Керегі жоқ маған палаудың... Жіберіңдер мені! Сендермен енді... білмеймін...

А й с ұ л у. Сара, айттым ғой, мыналар бірдеңе бүлдіріп жүр деп.

С ұ л т а н. Ештеңе бүлінген жоқ. Бар болғаны Бекзадаға жасың жетті, қартайдың үйлен дедік. Бұл соған шамданып тұр.

А й с ұ л у. Бекзада, жігіттердің сөзінің жөні бар ғой. Неге үйленбей жүрсің? Керек болса Сараның бір құрбысы бар...

Жігіттер күледі. Олармен бірге Бекзада да күледі. Арқалық шеткері барып келіншектерге көрсетпей тырнағындағы бояуды сүртіп тұр.

А й с ұ л у. Соншама күлетін не айттым мен?

Х ә к і м. Ешқандай да күлетін нәрсе айтқан жоқсың.

А й с ұ л у. Солай ма? Бірақ, айтшы маған сенің кіммен танысқың келді?

Х ә к і м. Кім айтты оны саған?

А й с ұ л у. Бәтима айтты.

С а р а. Бұрын қазақтар балаларына бесігінде құда болып қоятын, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу сияқты, ешкім бойдақ болған жоқ. Менің үлкен апамның сөзімен айтқанда бұрын қазақтар қыз ұзатып, келін түсіргенде ұлан асыр той жасаған. Апам маған ұзатылғанда киген сәукелесін көрсеткен. Қызды керуенмен ұзатып апарған. Жол бойы ән айтып, жыр жырлап, әр түрлі ойындар ойнаған.

Б е к з а д а. Сонда сендер неге сол дәстүр бойынша үйленбедіңдер.

С а р а. Өзің білесің ғой. Бізде жаңа дәстүр болып кетті. Комсомол той.

А й с ұ л у. Сол бұрынғы дәстүр кімге керек. Қазір жиырманшы ғасыр. Бұрынғыдай феодалдық қоғам емес. Бүкіл дәстүр бүгінмен сай болу керек.

А р қ а л ы қ. Сұлтан, сенде бензин бар ма?

С ұ л т а н. Ой, бензинді қандай ақмақ үйде ұстайды.

Бәтима кіреді. Қолында ыдыс-аяқ.

Б ә т и м а. Арқалық, бензинді не істейсің?

А р қ а л ы қ (*қолын қалтасына сала қояды*). Бензин керек қой. Мүмкін, Сұлтанның машина алатын жоспары бар шығар.

С ұ л т а н. Анау ваннада «Шипр» одеклон бар. Ол бензиннен кем емес.

Арқалық ванна жаққа шығып кетеді.

Б ә т и м а. Қайда кеттің?

А р қ а л ы қ. Қолымды жуайын.

Б е к з а д а. Тырнақтарыңды да ұмытпа.

А р қ а л ы қ (*ренжіп*). Не бұл, жай бір жаққа баруың да қиын болды ғой! (*кетеді*).

Х ә к і м. Біз осы заман қазағы емес, қазақ болмай кеттік.

М а р к с. Бұл не дегенің, біз неге қазақ емеспіз?

Х ә к і м. Бұрын нағыз қазақтар ешкімнен қайда бара жатырсың деп әдепсіздікпен тіке сұрамайтын.

М а р к с. Сонда қалай сұрайды?

Х ә к і м. Нағыз қазақ сыртқа шығатын болдыңыз ба деп сыпайылықпен сұрайды. Біз жазушылар арасында «кеше ана ақын мас боып жүрді» деп ешқашан айтпаймыз. «Ана кісі кеше шаршап қалыпты» деп айтамыз.

А й с ұ л у. Сен ақын достарыңмен бірге күнде шаршап жүресің.

Х ә к і м. Қалада тұратын қазақтар қазақ болғанын ұмытып қалды. Тіпті ана тілінде сөйлеуді де қойды. Үлкен апат ұсақ нәрседен басталады ғой. Басында келіндер сәукелесін тастады. Сосын балаларын орысшаға үйрететін болды. Көп уақыт өтпей бәріміз орыс болып кетеміз.

А й с ұ л у. Біз ғана емес, орыстар да, немістер де өзінің дәстүріне қарамай комсомолша той өткізеді ғой. Мысалы менің құрбым Лариса...

Х ә к і м. Олай болса орыстар да болашақта кім екені белгісіз боп кетеді.

М а р к с. Дастарқанға қашан отырамыз?

Х ә к і м. Тоқташы. Сен тек қарынның қамын ойлайсың. Бүгін бәрі қазақ мектепті қойып балаларын орыс мектепке беретін болып алды. Біздің балалар қазақшаны ұмытатын болды.

А й с ұ л у. Сенің басыңда қандай ой жүр? Біз баламызды тек орыс мектебіне апарамыз.

Х ә к і м. Ия? Сосын олар қазақша оқи алмайтын болып шығады. Онда менің жазған өлеңім кімге керек. Сонда мен кім үшін, не үшін өмір сүріп жүрмін!

А й с ұ л у. Айғайлама. Бәрібір, сенің балаң орыс мектепке барады.

М а р к с. Теміртауда да қазақ мектеп жоқ қой. Ауылға апарып оқытасыз.

А й с ұ л у. Ия, апарамын... Өзің балаңды апар.

Х ә к і м. Үндеме, қатын! Керек болса жібереміз. Ата-әжесінің қасында жүрсе нағыз қазақ болып өседі.

А й с ұ л у. Мен қатын болып кеттім бе? Мен прогрессивный адаммын. Баламыз ауылда оқыса оның болашағы болмайды.

С ұ л т а н. Шындығында біз бәріміз ауылдан шықтық қой.

А й с ұ л у. Ол басқаша. Ал менің балам орысша оқып дәрігер болады. Ал медициналық мектепте сабақты қазақша оқытатын адам табылмас.

С ұ л т а н. Біздің балаларымыз орысша оқыса жаман нәрсе емес. Орысша мектеп оқысын, Мәскеуде институт бітірсін, ғалым болсын. Сосын қайтып келіп өз жеріміздегі институттарда қазақша сабақты олар оқытады.

Х ә к і м. Жоқ. Қазақстанымыз тәуелсіз болмаса біз қазақ болып қалмаймыз. Бұрын біздің өз мемлекетіміз болды ғой.

С ұ л т а н. Болды және болады. Бірақ бәрін асықпай қадам-қадаммен жасау керек. Бекзада, есіндеме, ана жолы сен сұрадың ғой Қаныш Сәтбаев ағамыз маған не деді деп?

Б е к з а д а. Ия, сұрадым. Сен айтпағансың.

С ұ л т а н. Сендердің осы қортып шығарған болаттарың тәуелсіздікке деген бір қадам. Осыны ұмытпай алға жүріңдер деді. Сен қалай ойлайсың, сонда біз осы зауыттарды, шахталарды, электростанцияларды, институттарды,

құрылыстарды босқа салып жатыр дейсің бе?.. Менің ойымша, мұның бәрі тәуелсіздікке апаратын қадамдар.

Б е к з а д а. Кеш қалмаймыз ба?

А р қ а л ы қ. Жігіттер, мынау қауіпті әңгімені қояйықшы. Ұнамайды осы маған. Тамақ ішіп, күліп-ойнап отырғанның орнына ешкімге керегі жоқ тақырыпты қозғап отырмыз.

С ұ л т а н. Кеш қалмаймыз. Біз осы жер бетінен ешқашан жоғалмаймыз. Әуел десеңіз біз мәңгілік елміз.

А р қ а л ы қ. Мәңгілік ел дегенің не? Мұндай сөз марксизм-ленинизм кітаптарында кездеспейді.

Б е к з а д а. Марксизм-ленинизмде болмаса біздің Марксте бар.

М а р к с. Түсінбедім. Сонда менде не бар?

Б е к з а д а. Сенде мәңгілік ел болған бабалардың тамыры жатқан жоқ па?..

М а р к с. Бір жақтан айтқанда, менің бабаларым осы жерде тұрған. Ол шындық. Мен бабаларымды жет атаға дейін ғана емес, керек болса жиырма сегіз атаға жеткіземін, Аннес сахабаға дейін. Менің атам Ілияс, оның әкесі Бәйтен, оның әкесі Мекембай, оның әкесі Жайық, ал оның әкесі Қасағал, оның әкесі Барыбай, оның әкесі Жиенқұл, оның әкесі Құдайберді, ал әкесі Бұлбұл, Бұлбұлдың әкесі Таз, ал оның әкесі...

А р қ а л ы қ. Қойшы осыны. Керек болса біз де жүз атамыздың атын тіземіз. Мәселе онда емес. Бізді марксизм-ленинизм қандай нәрсеге үйретеді. Халық бабаларына емес, Кеңес халқы шаруаларға, пролетариятқа және оның арасында интелгенцияға бөлінеді. Мысалы менің әкем ешкімге керексіз Ерболдың баласы болды демеймін. Ол кісі мұғалім болды. Мұғалім болса интелгенцияға жатады.

Б е к з а д а. Сонда сенің әкең аты жоқ интелгенция болды ғой.

А р қ а л ы қ. Ия, сен аты жоқты қой. Сен пролетариятсың, әкең де пролетарият болмады ма. Мұндай сөз айту саған ұят емес пе!

Б е к з а д а. Ия, мен миллиондаған пролетарияттың бірімін, менің балам да миллиондаған пролетарияттың балаларының бірі болады.

С а р а. Біз балаларымыз өзімізге ұқсап туса қуанамыз. Сонда сенің балаң пролетариятқа ұқсайтын болса, қай пролетариятқа ұқсайды, Бекзада? Орыс пролетариятқа ма, әлде африкалық пролетариятқа ма?

Бәрі күледі.

Х ә к і м. Дұрыс. Біздің балаларымыз бізге ұқсауы керек. Ана тілін ұмытпай, біз қазақпыз деп жүретін балаларға ұқсауы керек. Мәскеуде бір

таныс жігіт тұрады. Сол жігіттің кішкентай ұлы түрі қазаққа ұқсамаса да өзінің орыс шешесіне «мен қазақпын» деп мақтанышпен айтқанын көрдім. Мәңгілік ел екеніміздің себебі осында емес пе?!

С ұ л т а н. Біздің мәңгілік ел екенімізді өзгелерге болашақ қана көрсетеді.

Х ә к і м. Неге?

С ұ л т а н. Мәңгілік ел туған жерін сақтаған халықтың ғана еншісінде. Бір кездері мемлекетінен айырылып қалғанымен, дәуір өтпей өз мемлекетін қайта көтерсе, сонда мәңгілік ел болғаны. Мемлекет ажалсыз самұрық құс сияқты, өз отына өзі өртеніп кетсе де самұрық қалпында түлеп ұшатын. Өз тарихын ұмытпайтын және болашақты ойлай білетін ел ғана мәңгілік ел бола алады. Жәй ойлап қана қоймай, оқу-тоқуымен өз болашағын жасап шыға алатын ел. Менің ойымша, біз қазақтар сондай елміз. Біздің қазақтар қандай қарапайым болса да өз балаларына ең жоғары оқуды оқытуға тырысады. Сол жолда ештеңесін аямайды. Сара екеуіміздің тойымыздан кейін, әкем мені оңаша шақырып алып қолыма бір буда ақшаны ұстатты. Сонда мен әкеме: «Әке, ақша өздеріңізге керек қой. Біздің айлығымыз тұрмысымызға жетеді» дедім. Сонда әкем: «Жоқ, бұл ақша тіршілікке емес, сен институтқа оқуға барғанда керек болады» деді.

Х ә к і м. Дұрыс! Бізде «Алаш» партиясы болды ғой. Сол азаматтардың білім туралы айтқаны бар...

А р қ а л ы қ. Болды. Болды. Ешқандай партия туралы естіген жоқпыз. Білесің бе, осы әңгімелерді біреу-міреу естіп қалса біздің басымызға не тиетінін.

С ұ л т а н. Сонда не қылады? Мені күнде отын, түтінін жұтып тұрған зауыттан шығарып сала ма? Көрейік.

Х ә к і м. Менің аузымды ешкім де жаба алмайды. Ақындар шындықты айту үшін жаралған. Басқасы айтпаса да шындықты мен айтамын.

А й с ұ л у. Айт! Айт! Сонда сенің кітабыңды кім шығарар екен. Баспадан алады да лақтырып салады. Сен одан алған авансты қайдан тауып қайтарып бересің? Білмесең, жоқ болып кетті сол ақша.

Х ә к і м. Түсінбедім. Қайда кетеді ол?

С а р а. Маркс, сенің Әлияң қайда?

М а р к с. Ауырып қалды. Салқын тиіп.

С а р а. Оның ауырғаны қызық. Мен оған звондадым, ал ол болса жылап отыр. Ештеңені түсіндірмеді.

С ұ л т а н. Не болды, Маркс?

М а р к с. Жай, ештеңе болған жоқ. Келгісі келмеді, сол...

А й с ұ л у. Алдама бізді. Сен оны ренжіттің ғой?

М а р к с. Ренжіткен ешкім жоқ. Отырайықшы енді тамаққа. Қарным әбден ашты.

С ұ л т а н. Жоқ, не болғанын түсіндірмейінше отырмаймыз.

М а р к с. Бәрі сол жүзіктен ғой. Мен оған екі алтын жүзік әпердім. Енді үшіншісін гауһар таспен алып бер дейді.

А й с ұ л у. Үй, саған ұят емес пе. Неге сатып әпермейсің. Әлия саған екі домалақ ұл тауып берді. Ал сен одан аяп отырсың.

М а р к с. Аяп отырғаным жоқ. Маған енді қыз тауып берсе, мен дайынмын тағы бес жүзік алып беруге. Жоқ, болмайды, екі бала жетеді бізге дейді.

С а р а. Бүгін сегізінші март, біз әйелдердің мерекесі. Мұнда тұра бермей, бар, Әлияны ертіп әкел.

Б е к з а д а. Дұрыс. Барып әйелінің тізесіне құлап кешірім сұрасын.

М а р к с. Бармаймын. Оған барып бас иіп қорланарым жоқ.

С ұ л т а н. Сонда не істейсің, ақымақ?

М а р к с. Ажырасамын. Білсін. Бір апта болды туыстардың үйінде жүргеніме. Байсыз өмірді сүріп көріп алсын.

С ұ л т а н. Сонда сенің екі балаңды кім бағады? Бөтен мужик па?

М а р к с. Неге? Шынын айтсам мен бір рет бардым. Кіргізбеді.

С а р а. Сені кіргізбесе бізді кіргізеді ғой. Айсұлу, Бәтима, жүріңдер.

С ұ л т а н. Біз де барамыз. Мерекені Маркс пен Әлияның үйінде өткіземіз. Біліп алсын мерекенің алдында араздасуға болмайтынын. Достовскийдің «Қылмыс пен жазасын» оқыдың ба, Маркс? Түні бойы бізден қалған ыдыс-аяқты, үйінді тазалайсың. Әйеліңмен. Үстел үстіндегінің бәрін алыңдар.

Әйелдер үстел үстіндегі тағамдардың бәрін алады. Маркс қозғалмай отыр.

А й с ұ л у (*Арқалыққа*). Осындай сараң еркектер қалай мына дүниеде жүреді, әйеліне жүзік сыйлаудан аянатын.

А р қ а л ы қ. Мұнда жүзіктің қандай қатысы бар. Ажырасуға әлеуметтік, психологиялық себептер болу керек.

А й с ұ л у. Сен өзің психологиялықсың.

С ұ л т а н. Қойыңдар! Енді сендердің араздасуларың жетпей тұр еді бізге. Жүріңдер!

С а р а. Торт... торт қалды. Тортты алайын.

С ұ л т а н (*Марксқа*). Барасың ба? Біздің артымыздан лып етіп кіріп аласың.

Бәрі кетеді. Арттарынан Маркс те ереді.

О н б е с і н ш і к ө р і н і с

Теміртау қаласының компартия бірінші секраторының қабылдау бөлмесі. Катков жолдас үстелінде отыр. Алдында Сұлтан тұр.

К а т к о в. Сонымен Әбішев жолдас, сенің өмір баяның орнында. Жұмысшы-шаруа отбасынан шықтың. Оқығансың. Горком партияның сен туралы осындай тілегі бар. Сені Горком комсомолының бірінші хатшылығына ұсынатын болдық. Сұрақ бар ма?

С ұ л т а н. Сұрақтар көп, Катков жолдас. Біріншіден, ыстық цехта жұмыс істеп жүрген жұмыскерлердің жағдайлары туралы.

К а т к о в. Бұл профсоюздың сұрақтары. Жұмыскерлердің жайын олар ойлайды.

С ұ л т а н. Мәселе сонда ғой, олар мұны ешқандай ойламай отыр! Жұмыс үстінде мүгедек болған жұмыскерлердің мәселесін шешпей отыр. Олардың ем-дом ақысын әлі бермей келеді. Көбісінің кішкентай балалары бар.

К а т к о в. Сол мүгедек жұмыскерлерге сенің қатысың қандай?

С ұ л т а н. Мен де жұмыскермін.

К а т к о в. Бізде сен ғана емес. Зауытта мыңдаған жұмысшы істейді. Көрсен бе, мен жұмыскермін. Енді сен жұмыскер емессің, сен комсомолдың көсемісің. Жастарды коммунизмге апаратын жол басшысың. Осы жылдың жоспары, арақ ішіп бос ләйліп жүрмеуі үшін оларға спорт керек. Сенің жұмысың, мектептегі тәрбие, оларды батыстық идеялогиядан қорғау. Әрине бәрі біздің Горкомның көз алдында болуы керек. Оларға да, саған да өз беттеріңмен жүруге болмайды.

С ұ л т а н. Олай болса мен ұсынған орындарыңызға бармаймын.

К а т к о в. Не дедің? Қалай бармайсың? Біздің шешімімізге қарсы шыққан түрің бе? Серкенің мүйізіндей бұрап жұлып аламыз. Көнуге бір күн беремін. Партия не айтса соған көнесің. Катков қалжыңдамайды! Бар, боссың.

О н а л т ы н ш ы к ө р і н і с

Әбішевтердің пәтері. Сара диванда сұлық отыр. Оның қасында Айсұлу мен Бәтима. Телефон тұтқасын ұстап Арқалық тұр. Оның алдында Хәкім.

А р қ а л ы қ. Ия, ия, тыңдап тұрмын. Жолдас капитан, сіз барлық тізімді көре алдыңыз ба? Ал Қарағанды да болған шырғалаң? Бүгін сол жақта ешқандай осындай жағдай болған жоқ па? Жоқ дедіңіз бе?

Х ә к і м. Моргка звондау керек.

Осы сөзді естіген Сара орнынан тұрып, қинала дыбыстап орнынан ұшып тұрады да, екі әйелдің қолына түсіп қайта отыра кетеді.

А й с ұ л у. Әй, сен мақұлық!

Б ә т и м а. Аузыңды ашқанда не айтатыныңды кішкене ойламайсың ба!

Х ә к і м. Мен не айттым сонша. Енді... адаммен осындай жағдай болғанда милицияға ғана емес, ауыруханаға, моргқа звондайды. Артық не айттым сонша? Ешқандай жаман ойым да болған жоқ.

Бөлмеге Сұлтан, Бекзада, Маркс үшеуі кіреді. Сұлтанды көрген Арқалық телефон тұтқасын тастай салып алдынан шығады.

Х ә к і м. Сұлтан!

С а р а. Сұлтан!

Сара Сұлтанды құшақтай алып, бетінен сүйеді, сосын жылай бастайды.

С ұ л т а н. Не боп қалды? Сара, не болды? Соғыс басталды ма сонша? Балалар аман ба? Ешкім ауырмады ма?

Сұлтан Сараны сүйеп диванға отырғызады. Хәкім Сұлтанды айналдыра қарап, қолын, аяғын түртіп көреді.

С ұ л т а н. Тарт менен қолыңды!

Х ә к і м. Бәрі орнында сияқты!

С ұ л т а н. Не болды сендерге? Айтасыңдар ма енді, жоқ па?

А р қ а л ы қ. Сараға бір адам звондап сені көліктің астына түсіп кетті деді.

Х ә к і м. Сонымен Сараның есі шығып... Зауытқа, милицияға звондаған, ешкім ештеңе білмейді. Сосын Айсұлуға звондады. Сөйтіп осында жүгіріп келдік.

Б ә т и м а. Біз де ести сала жеттік. Сен қайда болдың?

С ұ л т а н. Біз тренировкада болдық. Міне, мен, Бек, Маркс. Ертең волейболдың финалы болады ғой.

А р қ а л ы қ. Машинамен қайттыңдар ма?

М а р к с. Қандай машина? Жаяу келдік.

С а р а. Ойбай, мен негіп отырмын. Шай қою керек қой. Дірілдеп кеттім. Қандай қуаныш... қандай қуаныш...

С ұ л т а н. Сара, жаным, тынышталшы. Ешқандай шайдың керегі жоқ. Менің қасыма кішкене отыршы.

С а р а. Жо... жоқ. мен қолыма бірдеңе алмасам тыныштала алмаймын. Шай болмаса жастық әкелейін бе? Сұлтан, шындықты айтшы, ешқандай жарақат болмадың ба? Қол-аяғың аман ба?

С ұ л т а н. Ешқандай жарақат жоқ. Сап-саумын. Міне қарашы, допты қалай тура ұруға болатынын көрсетейінші саған.

Сұлтан тұрып волейбол ойынын көрсетеді.

С ұ л т а н. Міне көр, беріп жатырмын (*секіріп қолымен ауаны ұрады*). Міне көр, алып жатырмын (*отырып қос қолымен ауаны қармайды*).

С а р а. Абайла, абайла! Саған олай қозғалуға болмайды.

С ұ л т а н. Жарайды, жарайды, шайынды әкелші.

С а р а. Қазір, қазір. Кеттім.

Б ә т и м а. Мен көмектесейін.

А й с ұ л у. Дүкеннен торт әкеле қояйыншы.

Х ә к і м. Бір шөлмекті ұмытпа. Апаттан аман қалғанын жуып жіберу керек қой.

А й с ұ л у. Ерніңді жаланбай отыршы. Аварияға сен түстің бе?

С ұ л т а н. Ешқандай авария болған жоқ!

Әйелдер тыңдамай шығып кетеді.

М а р к с. Қандай оңбаған сонда звондаған? Қандай ит осындайға барады?

Х ә к і м. Мына жақта Сара жынданып кете жаздады.

А р қ а л ы қ. Сұлтан, сен біреудің жолын кесіп өткенсің ғой.

С ұ л т а н. Ешкімнің жолын кеспедім. Есесіне бірінші хатшы болмаймын деп басқа жігіттерге жол аштым.

А р қ а л ы қ. Қалай? Қалай сен бірінші хатшы болмаймын дедің?

С ұ л т а н. Солай. Болмаймын дедім, бітті.

А р қ а л ы қ. Сұлтан, сен қалай түсінбейсің? Жоғарында көңілің болған таудың тағанын қазушы болма.

С ұ л т а н. Ешқандай тау тағанын қазып жүргенім жоқ.

А р қ а л ы қ. Жоқ. Қазып жүрсің. Қалай сен осындай ұсыныстан бас тартасың! Теміртау қаласының! Горкомның! Хатшысының орнынан. Сен өзің білесің бе, Обком біздің Горкомға жеке машина беретін түрі бар. «Волганы»! Әрине жаңа «Волга» емес. Бірақ бәрібір «Волга» ғой. Ол биліктің белгісі ғой!

С ұ л т а н. Мен инженер металлургпін. Маған жұмысым ұнайды. Темірді көндіретін билік ұнайды.

А р қ а л ы қ. Бұған темірдің қатысы қанша? Билікті партия береді. Ал сенде билік болса бәрі қолыңда болады.

С ұ л т а н. Сонда билік үшін мамандығымды ауыстыруым керек пе? Жоқ, ешқашан! Ашығын айтқанда, «ыстық стажымды» жоғалқым келмейді. Менде сегіз жылдық стаж. Ыстық стажың болса қаның ешқашан салқын тартпайды.

А р қ а л ы қ. Саған, Сұлтан! Сенің, осы партияға қарсы шыққаның, білесің бе, за политическую незрелость... осы адасқаның не болатынын білесің бе... тағы осындай әр түрлі... Өкінгеніңде кеш болады! «Катков қалжыңдамайды» дегенді естіген шығарсың?

С ұ л т а н. Ал сен кімнен естідің?

А р қ а л ы қ. Мәселе онда емес. Сен атқа енді ғана мінген адамсың, үлкен жол алда. Суретің «Казахстанская правдада» шықты! Танымал болдың. Отбасың, балаларың туралы ойла! Олардың жолын ашасың. Жұмыскердің баласы болса жаман болады дей алмаймын, ал бірінші хатшының баласы болу басқа ғой! Мүмкін елуге келмей Горкомның бірінші адамы боласың!

Б е к з а д а. Біздің Арекеңе де керемет бір орын табасың ғой.

А р қ а л ы қ. Мүмкін. Біз дос болғасын оның ыңғайсыз ештеңесі жоқ. Мен адамдармен, қоғаммен тіл табыса алам. Ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілетім де бар. Ал сен, Бек, пенсияға жеткеніңше де ешкімге белгісіз бір жұмысшы болып домнаның қасында қала бересің. Жігіттер, өздерің білесіндер, бізде ыстық стажбен ары кетсе жиырма жыл ғана жұмыс істеуге болады. Сосын соқыр болады, қан қысым ауыруына шалдығады. Естідіндер ме, кеше горновой Павлов insultтан қайтыс болып кетті.

Б е к з а д а. Бауырдың қаны ыстық температурадан қатайып кетеді. Атам «адамның өмірі жүректе емес, бауырда» деп отыратын.

М а р к с. Менің де зауыттан кетсем деген ойым бар. Маған балаларға білім берген ұнайды. Мұғалім болсам ба деген ниетім бар.

Б е к з а д а. Сенің ниетің мектептің директоры болу ғой.

М а р к с. Әрине. Есі дұрыс қазақтардың бастық болуды армандамайтыны бар ма.

Жігіттер күледі.

С ұ л т а н. Менің ең жек көретінім, не істейтінімді өзім емес біреудің шешкені.

А р қ а л ы қ. Сен не, сонда партияға қарсы боп шықтың ба?

С ұ л т а н. Жоқ, қарсы емеспін. Біз кейде өз арамызда тарих туралы көп айтамыз, сынға аламыз. Бірақ өткеннің бәрі ілікке алғысыз емес қой. Егер сол партияның арқасының түзу жақтары болмағанда біздің не болатынымыз да белгісіз.

Х ә к і м. Қандай түзу арқасы, бәрі шіріген.

С ұ л т а н. Шіріген дедің бе? Ал сонда соғыстан кейін біздің қалаларды көтерген, жаңа зауыттарды тұрғызған миллиондаған коммунистер болмағанда кімдер? Біз соғыс жылдарының балалары соның бәрін өз көзімізбен көрдік қой.

Х ә к і м. Мен қарапайым коммунистерді даттайын деп тұрғаным жоқ. Бірақ басшыларының жақсы пәтерлер мен жайлы көліктерді өз бастарына алып, шетелдік киімдерді киіп жүргенін көрмедік пе біз?

С ұ л т а н. Мен партияға кіргенде ешқандай пайданы ойлаған емеспін.

А р қ а л ы қ. Түкке түсінбеймін. Хатшылықтан неге қашып жүрсің? Халық коммунизмге сен сияқты жігіттермен ғана жете алады.

Ырысбек кіреді.

Ы р ы с б е к. Жарайсыңдар, жігіттер! Коммунизмге жеткен деген осы, есігің құлыптаусыз. Ашық.

Б е к з а д а. Коммунизмге есіктің қандай қатысы бар?

Ы р ы с б е к. Қатысы бар. Коммунизм болғанда ешқандай ұрлық, адам өлтіру дегендерің болмайды. Бірдеңе керек болса кір де ал.

С ұ л т а н. Кір, Ырысбек. Ал өзіңе ұнағанын.

Ы р ы с б е к. Рақмет. Сенің үйіңнен менің үйіме керек нәрсе табылмас.

С ұ л т а н. Онда не үшін келдің?

Ы р ы с б е к. Әңгіме бар. Оңаша.

С ұ л т а н. Айта бер. Менің достарымнан жасырар ештеңем жоқ.

А р қ а л ы қ. Сұлтан, керек болса біз шығайық...

С ұ л т а н. Отыр орнында.

Ы р ы с б е к. Жарайды. Катков жолдас жоқ деген сөзді жек көреді. Онан да қазір-ақ бірінші хатшының қабылдауына звонда да кіруге рұқсат сұра.

С ұ л т а н. Жоқ.

Ы р ы с б е к. Ұмытпа. Сенің осыныңды Катков жолдас ешқашашан ұмытпайды да кешірмейді.

С ұ л т а н. Мен жауабымды бергенмін.

Ы р ы с б е к. Сен ескертумен құтылам деп ойлайсың. Жоқ, ондай оңай іс жоқ. Катков сені езгенде тамтығың да қалмайды. Жүк басқан машинаның доңғалағының астында қалғандай боласың.

С ұ л т а н. Е-е-е, сен екенсің ғой...

Ы р ы с б е к. Немене мен?

С ұ л т а н. Сен ғой Сараға звондаған, мені машина басып кетті деп.

Ы р ы с б е к. Жоқ, мен емеспін. Бірақ ондай болуы әбден мүмкін. Ойында ештеңе жоқ жай келе жатқан адам жолды кесіп өте бергенде «пах» еткізіп басады да кетеді.

М а р к с. Әй, сен оңбаған ит!

Маркс Ырысбекке жұдырығын ала жүгіреді. Сұлтан Марксты ұстап алады.

М а р к с. Өлтірем оны!

С ұ л т а н. Қой! Жұдырығыңа татымайды.

Б е к з а д а. Ырысбек, сен осындайға қалай бардың? Білесің бе, Сараға қалай шырылдағанын...

С ұ л т а н. Шық үйден! Шығарып тастамай тұрғанда!

Ы р ы с б е к. Жарайды. Онда күт. *(Арқалыққа)* Арқалық, біздің Горком аппаратында бір жақсы орын босады. Сен үшін Катковпен қазір-ақ сөйлесуге дайынмын. Кеттік.

Арқалық тұрады. Екі-үш қадам аттап тоқтап қалады да орнына қайтады.

А р қ а л ы қ. Кешіріңіз, Ырысбек Сағындықович, мен жігіттермен қаламын.

Ы р ы с б е к. Өзің білесің. Бірақ өз карьеранды өзің құлатып тұрсың.

Ырысбек кетеді. Сара, Айсұлу, Бәтима кіреді.

С а р а. Үйден шыққан кім?

С ұ л т а н. Ешкім емес.

А р қ а л ы қ. Ал мен солай айтпаспын. Біздің болашағымыздың сол кісімен байланысы болған.

С ұ л т а н. Жоқ. Болашағымыздың сол кісімен еш қатысы жоқ. Біздің болашағымыз ешкімнің қолында емес. Біздің болашағымыз тек еліміздің қолында.

*Сахынаның сыртынан: Менің елім, менің жерім,
Гүлің болып егілемін.
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным! деп өлең
оқылады. Өлең әнге ұласып «Менің Қазақстаным» әнін хор айтады.*

Ш ы м ы л д ы қ

Орыс тілінен аударғандар: **Ш.Құсайынов**
Ә.Бағдат